

GP-C830/GP-M830/GP-C831/GP-M831/GP-C832/GP-M832

Пайдаланушы нұсқаулығы

Мазмұны

Тарау 1 Принтермен танысу

Мүмкіндіктер.....	7
-------------------	---

Тарау 2 Қауіпсіздік нұсқаулары

Қауіпсіздік нұсқаулары.....	8
Ескертулер, сақтық шаралары және ескертпелер.....	8
Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары.....	8
Түркиядағы пайдаланушылар үшін.....	13
Украинадағы пайдаланушылар үшін.....	13
Бразилиядағы пайдаланушылар үшін.....	13
Аргентинадағы пайдаланушылар үшін.....	14
Ресей, Беларусь және Қазақстан тұтынушылары үшін.....	15

Тарау 3 Қағазды қолдану

Жарамды қағаз талаптары.....	17
Тай қағазда басып шығару.....	17
Итеруші механизм арқылы басып шығару.....	18
Жыртып алу функциясын қолдану.....	22
Арнайы қағазды жүктеу.....	24
Заттаңбалар.....	24
Micro Adjust (Шағын реттеу) функциясын қолдану.....	25
Жыртып алу күйін реттеу.....	25
Бастапқы орынды реттеу.....	26

Тарау 4 Принтер бағдарламасы

Принтер бағдарламасы туралы.....	28
Принтер драйверін қолдану.....	28
Windows Қолданбаларынан принтер драйверіне кіру.....	29
Принтер драйверіне Start (Бастау) мәзірінен кіру.....	29
Принтер драйверінің параметрлерін өзгерту.....	31

Принтер драйверінің параметрлерін шолу.....	31
Принтер параметрлері.....	31
Параметрлерді бақылау.....	34
EPSON Status Monitor 3 пайдалану.....	34
EPSON Status Monitor 3 қолданбасын реттеу.....	35
EPSON Status Monitor 3 қолданбасына кіру.....	37
Штрих-кодтарды немесе 2D таңбаларын басып шығару.....	38
Штрих-код қаріптерін немесе 2D таңба қаріптерін орнату.....	39
Штрих-код қаріптерін немесе 2D таңба қаріптерін басып шығару.....	40
Автоматты жыртып алу функциясын орнату.....	41
Дабылды орнату.....	41
Басып шығару аяқталғанда дабыл дыбыс шығаратындай не шығармайтындай орнату.....	41
Қате орын алғанда дабыл дыбыс шығаратындай не шығармайтындай орнату.....	42
Қыруды азайту режимін қолдану.....	42
Басып шығару орнын реттеу.....	43
USB Replacement Service.....	44
USB Replacement Service бағдарламасын орнату.....	44
USB арқылы қосылған принтерді ауыстыру.....	45
BI Parallel Port Driver.....	45
EpsonNet Config.....	46
EpsonNet Config бағдарламасын орнату.....	47
EPSON Printer Setting.....	48
Желідегі принтерді реттеу.....	48
Принтерді ортақ пайдалану.....	48
Принтерді ортақ принтер ретінде реттеу.....	49
Клиенттерді орнату.....	53
Басып шығарудан бас тарту.....	56
Принтер түймесін пайдалану.....	56
Windows жүйесін қолдану.....	56
Принтер бағдарламасын жою.....	57
Принтер драйвері мен қызметтік бағдарламаларды жою.....	57

Тарау 5 Басқару тақтасы

Басқару тақтасын қолдану.....	60
Басқару тақтасының түймелері мен шамдары.....	60

Тарау 6 Ақаулықтарды жою

Қате индикаторларын қолдану.....	64
Мәселелер мен олардың шешімдері.....	66
Қуат көзі.....	66
Басып шығару.....	67
Қағазды қолдану.....	70
Желімен байланысты мәселелер.....	71
Өзге мәселелер.....	72
USB байланысын түзету ақаулықтары.....	72
Компьютердің Windows 8.1, 8, 7, Vista, XP немесе 2000 алдын ала орнатылған үлгіге жататынын тексеріңіз.....	72
Принтер USB кабелімен дұрыс істемей тұр.....	73
Тұрып қалған қағаздарды алу.....	73

Тарау 7 Анықтама алу көздері

Техникалық қолдау қызметінің веб-сайты.....	75
Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласу.....	75
Epson компаниясына хабарласу алдында.....	75
Австралиядағы пайдаланушыларға арналған анықтама.....	76
Сингапурдағы пайдаланушыларға арналған анықтама.....	77
Тайландтағы пайдаланушыларға арналған анықтама.....	77
Индонезиядағы пайдаланушыларға арналған анықтама.....	77
Гонконгтағы пайдаланушылар үшін.....	78
Малайзиядағы пайдаланушыларға арналған анықтама.....	78
Үндістандағы пайдаланушыларға арналған анықтама.....	78
Филиппиндегі пайдаланушыларға арналған анықтама.....	79
Еуропадағы тұтынушыларға арналған анықтама.....	79
Солтүстік Америкадағы пайдаланушыларға арналған анықтама.....	79
Латын Америкасындағы пайдаланушыларға арналған анықтама.....	80

Тарау 8 Тұтынушы тауарлары

Сия картридждерін ауыстыру.....	83
Түпнұсқалы Epson сия картридждері.....	83
Сия картриджінің күйін тексеру.....	83
Сия картриджін ауыстыру бойынша сақтық шаралары.....	85
Сия картриджін ауыстыру.....	87

Тарау 9 Өнім туралы ақпарат

Принтер бөліктері.....	92
Принтердің техникалық сипаттамалары.....	93
Механикалық.....	93
Электрондық.....	95
Электр.....	100
Қоршаған ортаға қатысты.....	101
Қағаз.....	101
Басылып шығатын аймақ.....	104
Айнымалы ток электр адаптерінің техникалық сипаттамалары.....	105
Пәрмендер тізімі.....	106
ESC/P басқару кодтары.....	106
Таңбалар кестелері.....	107
Стандарттар мен құптаулар.....	109
Тайван.....	109
Солтүстік Америка.....	109
Еуропа.....	110
Океания.....	111
Басып шығару басының саңылауларын тексеру.....	111
Windows жүйесіне арналған Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын қолдану.....	111
Басқару тақтасын қолдану.....	112
Басып шығару басын тазалау.....	113
Windows жүйесіне арналған Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдалану.....	114
Басқару тақтасын қолдану.....	115
Басып шығару басын туралау.....	115
Тасығыш беруді реттеу.....	115
Екі бағытты басып шығаруды реттеу.....	116
Күй парағын басып шығару.....	117
Жалпы ақпарат.....	117
Желі параметрлері.....	117
Принтер параметрлері.....	118
Желі параметрін орнату.....	118
Принтерді тазалау.....	118
Сыртқы корпусты тазалау.....	119
Принтердің ішін тазалау.....	119
Қағаз беру доңғалақшаларын тазалау.....	121
Принтерді тасымалдау.....	122

Авторлық құқықтар мен сауда белгілері

Амалдық жүйе нұсқалары

Қосымша

Тарау 1

Принтермен танысу

Мүмкіндіктер

EPSON® GP-C830/GP-M830/GP-C831/GP-M831/GP-C832/GP-M832 — қағаз беру механизмі бар сиясы сорғалап ағатын принтер. Принтер ықшам дизайнмен жоғары сапалы басып шығаруды және тамаша өнімділікті қамтамасыз етеді. Принтердің мынадай мүмкіндіктері бар:

- ❑ Қағаз түрлерінің кең ауқымын өңдеу мүмкіндігі, соның ішінде медициналық тай пакеттері, жапсырмалар (негізгі тай парақ), қарапайым тай қағаз және басқа перфорациялы қағаз.
- ❑ Жеке әрі сыйымдылығы үлкен сия картридждерін қолдану мүмкіндігі. Көп мөлшерде басып шығаруға арналған мықты құрылым.
- ❑ Қолданылатын пигменттік сия қарапайым қағазда жоғары сапалы баспаға жетеді және оның тамаша су өткізбеу қасиеті бар.

Жинақта принтермен бірге принтер драйвері мен басқа бағдарламалар жеткізіледі, соның ішінде Microsoft үшін EPSON Status Monitor 3 Microsoft Windows 8.1, 8, 7, Vista, XP, Server 2012 R2, Server 2012, Server 2008 R2, Server 2008 және Server 2003 үшін. EPSON Status Monitor 3 қызметтік бағдарламасы принтер күйін жылдам әрі оңай тексеруге мүмкіндік береді.

Тарау 2

Қауіпсіздік нұсқаулары

Қауіпсіздік нұсқаулары

Ескертулер, сақтық шаралары және ескертпелер



Ескертулер

денеге зақым келудің алдын алу үшін мұқият орындалуы керек.



Сақтық шаралары

жабдығыңызға зақым келудің алдын алу үшін ескерілуі керек.

Ескертпелер

маңызды ақпарат пен принтердің жұмысына қатысты пайдалы кеңестерді қамтиды.

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

Принтерді қолданбас бұрыс осы қауіпсіздік нұсқауларын оқып шығыңыз. Сонымен бірге принтердің өзінде белгіленген ескертулер мен нұсқаулардың барлығын орындаңыз.

Принтерді орнатқан кезде



Ескерту:

Көрсетілген айнымалы ток адаптерін ғана қолданыңыз (EPSON K айнымалы ток адаптері, үлгісі: M248A).

- ☐ Принтерді тұрақсыз бетке немесе радиатордың не жылу көзінің қасына қоймаңыз.
- ☐ Принтерді тегіс әрі тұрақты бетке қойыңыз. Принтерді еңкейту не көлбеу орналастыру басып шығару сапасына кері әсер етуі мүмкін.
- ☐ Принтерді төсек не диван сияқты жұмсақ әрі тұрақсыз, не болмаса шағын әрі тұйық жерге қоймаңыз, себебі бұл желдетуге кедергі келтіреді.
- ☐ Принтер корпусындағы саңылаулар мен тесіктерді бұғаттамаңыз не жаппаңыз, сондай-ақ саңылаулардың ішіне ешнәрсе салмаңыз.

- ❑ Қолдануға және техникалық қызмет көрсетуге қолайлы ету үшін принтердің айналасында жеткілікті кеңістік қалдырыңыз.
- ❑ Қажет болған жағдайда принтерді байланыстырушы кабельді оңай жалғауға болатындай жерге қойыңыз.
- ❑ Принтер жапсырмасында көрсетілген қуат көзінің түрін ғана пайдаланыңыз. Аймағыңыздағы қуат сипаттамаларына қатысты сенімсіз болсаңыз, жергілікті қуат өндіруші компанияға хабарласыңыз не делдалдан кеңес алыңыз.
- ❑ Бүкіл жабдықты жерге дұрыс тұйықталған электр розеткаларына жалғаңыз. Жүйелі түрде қосылып, сөніп тұратын фотокөшіргіштер немесе ауаны бақылау жүйелері қосылған бір тізбектегі розеткаларды пайдаланбауға тырысыңыз.
- ❑ Зақымдалған не тозған қуат сымын қолданбаңыз.
- ❑ Қуат сымы желіну, кесілу, тозу, жапырылу, ширатылу және басқа зақымға ұшырамайтындай орналастырылуы керек.
- ❑ Принтермен бірге ұзартқыш сымды пайдалансаңыз, ұзартқыш сымға қосылған барлық құрылғылардың жалпы номиналды тогі сымның номиналды тогінен аспайтынына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар электр розеткаға қосылған барлық құрылғылардың жалпы номиналды тогі электр розетканың номиналды тогінен аспайтынына көз жеткізіңіз.
- ❑ Осы өніммен бірге жеткізілген қуат сымын ғана қолданыңыз. Басқа сымды қолдану өртке не ток соғуға әкелуі мүмкін.
- ❑ Бұл өнімнің қуат сымын тек осы өніммен бірге қолданыңыз. Басқа жабдықпен бірге қолдану өртке не ток соғуға әкелуі мүмкін.
- ❑ Айнымалы ток қуат сымы тиісті жергілікті қауіпсіздік стандартына сәйкес келетінін тексеріңіз.
- ❑ Аймаққа байланысты байланыстырушы кабель өніммен бірге берілуі мүмкін. Егер солай болса, онда сол кабельді пайдаланыңыз.
- ❑ Seiko Epson Corporation компаниясы Epson бекіткен өнімдер деп белгіленгеннен басқа кез келген байланыстырушы кабельді пайдалану нәтижесінде туындаған электромагниттік кедергі салдарынан пайда болған кез келген зақымға жауап бермейді. Бекітілген кабельдер туралы толық мәліметті алу үшін Epson тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

- ❑ Принтерді температурасы мен ылғалдылығы кенет өзгертін жерлерде қолданбаңыз не ондай жерлерге қоймаңыз. Сонымен бірге оны тікелей күн сәулелерінен, жарық сәулелерден, жылу көздерінен немесе аса ылғалды не шаң жерлерден алыс ұстаңыз.
- ❑ Соққылар мен дірілдер болатын жерлерге қоймаңыз.
- ❑ Принтерді қуат сымын оңай ажыратуға болатындай қабырға розеткасының жанына қойыңыз.
- ❑ Тұтас компьютер жүйесін дауыс зорайтқыштар немесе сымсыз телефондардың негізгі бөліктері сияқты электромагниттік кедергінің әлеуетті көздерінен алыс ұстаңыз.
- ❑ Қабырғадағы қосқыштар немесе автоматты таймерлер басқаратын электр розеткаларды пайдаланбаңыз. Қуат ақаулығы принтер не компьютер жадындағы ақпаратты жоюы мүмкін. Сонымен бірге кернеу тұрақсыздығына себеп болатын қуатты моторлар не басқа аспаптар бір тізбекке қосылған розеткаларды пайдаланбаңыз.
- ❑ Тұйықталған розетканы қолданыңыз; адаптер ашасын қолданбаңыз.
- ❑ Егер принтер түпқоймасын қолдануды жоспарласаңыз, мына нұсқауларды орындаңыз:
 - Кемінде принтердің салмағынан екі есе үлкен салмаққа шыдайтын түпқойманы пайдаланыңыз.
 - Принтерді көлбейтін түпқойманы ешқашан қолданбаңыз. Принтер әрқашан деңгейді сақтауы керек.
 - Принтердің қуат сымын және байланыстырушы кабельді қағаз беруге кедергі жасамайтындай орналастырыңыз. Мүмкіндігінше кабельдерді принтер түпқоймасының аяғына бекітіп қойыңыз.

Принтерге техникалық қызмет көрсеткен кезде

- ❑ Принтерді тазалау алдында өшіріп, әрдайым дымқыл шүберекпен ғана тазалаңыз.
- ❑ Принтерге сұйықтықты төгіп алмаңыз.
- ❑ Осы нұсқаулықта арнайы сипатталған жағдайлардан басқа жағдайда принтерді өз бетімен жөндеуге әрекет жасамаңыз.

- ☐ Принтерді өшіріп, мына жағдайларда білікті қызмет көрсетушілердің көмегіне жүгініңіз:
 - i. Қуат сымы немесе аша зақымдалған жағдайда.
 - ii. Сұйықтық принтердің ішіне енген жағдайда.
 - iii. Принтер жерге құлап кеткен немесе корпусы зақымдалған жағдайда.
 - iv. Принтер дұрыс жұмыс істемей тұрған немесе өнімділігінде айрықша өзгеріс байқалған жағдайда.
- ☐ Өнімнің ішіне немесе айналасында жанғыш газы бар аэрозольді өнімдерді пайдаланбаңыз. Кері жағдайда бұл өртке әкелуі мүмкін.
- ☐ Осы нұсқаулықта сипатталатын басқару элементтерін ғана реттеңіз.

Қағазбен жұмыс істеген кезде

Принтерге оралған не бүктелген қағазды жүктемеңіз.

Принтерді қолданған кезде


- ☐ Пайдаланушы құжаттамасында сипатталатын басқару элементтерін ғана реттеңіз. Басқа басқару элементтерін бұрыс реттеу білікті маман орындайтын күрделі жөндеуді талап ететін зақымға әкелуі мүмкін.
- ☐ Принтер қиыншылықтары туындаған кезде принтерді өшіріп, қуат сымын электр розеткадан ажыратыңыз.

Сия картридждерін орнатқан кезде

Сия картридждерін орнатқан кезде мынаны ескерген жөн:

- ☐ Сия картридждерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және сияны ішпеңіз.
- ☐ Сия теріге тиіп кеткен жағдайда, тиген аумақты сабын және сумен жуып кетіріңіз. Сия көзіңізге тиіп кеткен жағдайда, оларды дереу сумен шайыңыз.

- ❑ Үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін сия картриджін төрт не бес рет шайқаңыз.



Абай болыңыз:

Картридждерді (бұрын орнатылған) аса көп күш қолданып шайқамаңыз.

- ❑ Сия картриджін қорабында көрсетілген күнге дейін қолданыңыз.
- ❑ Үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін сия картриджін орнатылған сәттен бастап алты ай ішінде қолданыңыз.
- ❑ Сия картриджін бөлшектемеңіз немесе пішінін өзгертпеңіз, әйтпесе қалыпты күйде басып шығара алмайсыз.
- ❑ Сия картридждерін салқын әрі қараңғы жерде сақтаңыз.
- ❑ Сия картриджін салқын сақтау орнынан ішке әкелгеннен кейін оны қолданудан бұрын кем дегенде үш сағаттай үй температурасына дейін жылынуына жол беріңіз.
- ❑ Картридж бүйіріндегі жасыл түсті IC чибін қолмен ұстамаңыз. Бұл қалыпты жұмысына және баспаға әсер етуі мүмкін. Осы сия картриджіндегі IC чипіне қалған сия мөлшері сияқты түрлі картриджге тиесілі ақпарат жазылғандықтан, картриджді оңай шығарып, қайта орнына салуға болады. Сия картриджін кейін қолдану үшін шығарған жағдайда сия беру аймағын кір мен шаңнан қорғап, осы өнімдей бір жерде сақтаңыз. Сия беру портында қақпақтарды не тығындарды қажетсіз ететін клапанның бар екенін ескеріңіз, бірақ картридж түйісетін элементтердің сиямен боялуын болдырмау үшін абай болған жөн. Сия беру портын немесе айналасын қолмен ұстамаңыз.

Қолдану шегі

Бұл өнімді авиациямен, темір жолмен, теңіз жолдарымен, автокөлік жолдарымен, т. б. байланысқан көлік құралдары; табиғи апаттардың алдын алатын құрылғылар; түрлі қауіпсіздік құрылғылары, т. б.; немесе функциялық/дәлдеу құрылғылары, т. б. сияқты жоғары сенімділік/қауіпсіздікті талап ететін қолданбалар үшін қолданған кезде оны қауіпсіздік пен жалпы жүйе сенімділігін сақтау мақсатында дизайнға қорғағыш және көшірме жасау құрылғыларын қосуды ойластырғаннан кейін ғана қолдану керек. Бұл өнім авиациялық-ғарыштық жабдық, негізгі байланыс жабдығы, ядролық қуатты басқару жабдығы не болмаса тікелей медициналық жәрдемге, т. б. қатысты медициналық жабдық сияқты аса жоғары сенімділік пен қауіпсіздікті талап ететін қолданбаларда қолдануға арналмағандықтан, толық бағалаудан кейін осы өнімнің жарамды не жарамды еместігіне көз жеткізіңіз.

Түркиядағы пайдаланушылар үшін

AEEE Yönetmeliğine Uygundur.

Украинадағы пайдаланушылар үшін

Обладнання відповідає вимогам Технічного регламенту обмеження використання деяких небезпечних речовин в електричному та електронному обладнанні.

Бразилиядағы пайдаланушылар үшін

A Epson preocupa-se com o meio ambiente e sabe que o planejamento para o futuro requer um forte compromisso ambiental. Para isso, nos empenhamos em criar produtos inovadores que são confiáveis, recicláveis e eficientes. Produtos melhores utilizando menos recursos naturais para ajudar a garantir um futuro melhor para todos.

As embalagens deste produto - papelão, plástico, isopor e espuma - são recicláveis e podem ser entregues a cooperativas de reciclagem, postos de recolhimento de resíduos ou empresas recicladoras.

Os materiais que compõem o produto - plástico, metais, placa eletrônica e cartucho - são recicláveis. O produto não deve ser desmontado, deve ser encaminhado para os Centros de Serviços Autorizados que darão o destino ambientalmente adequado. Consulte em nosso site - <http://global.latin.epson.com/br> os Centros de Serviços Autorizados.

Todos os Centros de Serviços Autorizados podem receber equipamentos da marca Epson destinados para reciclagem.

Conheça nossas ações ambientais e o Programa de Coleta de Cartuchos (www.epson.com.br/coleta) em nosso site.

Аргентинадағы пайдаланушылар үшін

Айнымалы ток адаптерін қолданған кезде



Precaución:

Confirme que el cable de alimentación de CA cumpla con las normas de seguridad locales pertinentes.

- ☐ Coloque la impresora y la fuente externa de poder cerca a una toma eléctrica de pared de la que pueda desenchufar la fuente externa de poder fácilmente.
- ☐ No coloque el cable de alimentación de CA en lugares donde se pueda enroscar, cortar, desgastar, deshilar o rizar. No coloque ningún objeto sobre el cable de alimentación de CA y no coloque la fuente externa de poder o el cable de alimentación en zonas donde se puedan pisar. Tome especial precaución de no doblar los cables de alimentación en los extremos y en los puntos de entrada de la fuente externa de poder.
- ☐ Utilice únicamente la fuente externa de poder suministrada con la impresora. El uso de otra fuente externa de poder podría provocar incendios, descargas eléctricas u otros daños.
- ☐ La fuente externa de poder está diseñada para ser utilizada con la impresora a la que acompaña. No intente usarla con otros dispositivos electrónicos, a menos que esté especificado.
- ☐ Utilice sólo el tipo de corriente indicado en la etiqueta de la fuente externa de poder. Use siempre tomas de corriente eléctricas, domésticas y estándar con el cable de alimentación que cumplan con las regulaciones locales de seguridad.
- ☐ No use tomas de corriente que se encuentren en el mismo circuito que fotocopiadoras o sistemas de aire acondicionado que se enciendan y apaguen periódicamente. Si utiliza un cable de extensión con el impresor, compruebe que la suma de las corrientes nominales en amperios de todos los dispositivos conectados al cable de extensión no sea superior a la corriente nominal de dicho cable. Además, compruebe que el total de amperios de intensidad de todos los dispositivos enchufados a la toma eléctrica de pared no supere el total de amperios de la toma. No coloque varias cargas en la toma eléctrica de la pared.

- ❑ Nunca desmonte, modifique o intente reparar Ud. mismo la fuente externa de poder o la impresora.
- ❑ No inserte objetos en las aberturas del impresor, pues podrían entrar en contacto con puntos de voltaje peligrosos o provocar cortocircuitos en dichos elementos. Existe el peligro de descargas eléctricas.
- ❑ Desenchufe la impresora y la fuente externa de poder antes de limpiar la impresora. Límpiela sólo con un paño húmedo. No utilice productos de limpieza líquidos o en aerosol. No aplique líquido de ningún tipo directamente al cristal de la impresora.
- ❑ Desenchufe la impresora y la fuente externa de poder y póngase en contacto con un técnico de servicio ante las siguientes situaciones: el cable de CA o el enchufe están estropeados; ha entrado líquido en el impresor o en la fuente externa de poder; la impresora o la fuente externa de poder se han caído o se ha dañado la carcasa; la impresora o la fuente externa de poder no funcionan con normalidad o muestran un cambio en su rendimiento. (No ajuste los controles que no hayan sido especificados en las instrucciones de funcionamiento).
- ❑ Cuando no vaya a utilizar el impresor durante un periodo de tiempo prolongado, desenchufe la fuente externa de poder de la toma eléctrica.

Ресей, Беларусь және Қазақстан тұтынушылары үшін

Тұтынушы туралы ақпарат

Үлгі Кеден Одағының “Кернеуі төмен жабдық қауіпсіздігі туралы” Техникалық ережесіне (ТР ТС 004/2011) және Кеден Одағының “Техникалық құрылғылардың электр магнитті үйлесімділігі туралы” Техникалық ережесіне (ТР ТС 020/2011) жауап береді

Өнім жасаушысы: SEIKO EPSON КОРПОРАЦИЯСЫ

Мекенжайы: 3-5, Owa 3-chome, Suwa-shi, Nagano-ken 392-8502 Жапония
Телефоны: 81-266-52-3131

ТМД елдеріндегі ресми өкіл:

“EPSON CIS” ЖШҚ

Мекенжайы: Мәскеу қ-сы, 129110, Щепкин к-сі, 42, 2а ғимараты, 3-пәтер, “Чайка Плаза” бизнес орталығы

Телефоны: +7 (495) 777-0355/56

веб: <http://www.epson.ru/>

электрондық пошта: info_CIS@epson.ru

EPSON EUROPE B.V. МӘСКЕУДЕГІ ӨКІЛЕТТІ КЕҢСЕСІ

Мекенжайы: Мәскеу қ-сы, 129110, Щепкин к-сі, 42, 2а ғимараты, 3-пәтер, “Чайка Плаза” бизнес орталығы

Телефоны: +7 (495) 777-0355/56

веб: <http://www.epson.ru/>

Өнім жасалған ай мен жыл: Өнімде MD кейінгі 6 санмен белгіленген. (MD: ЖЖЖЖАА)

Өнім жасалған ел: Өнімде белгіленген.



Тарау 3

Қағазды қолдану

Жарамды қағаз талаптары



Абай болыңыз:


- ❑ Бүктелген, жұмарланған, оралған, жыртылған, ластанған не жабысқан қағазды қолданбаңыз.

A: жыртылған

B: оралған

C: жұмарланған

D: бүктелген




- ❑ Қағаз сипаттамаларына сай келетін қағазды ғана қолданыңыз. Қосымша ақпаратты "Қағаз" бетте 101 тарауынан қараңыз.

Тай қағазда басып шығару

Принтер тай қағазбен итеруші механизм арқылы жұмыс істей алады.

Қағаз бірқалыпты жүктелетіндей принтер мен тай қағазды төмендегі суреттерде көрсетілгендей орналастырыңыз.



* 1 м не одан да кем

Ескертпе:

- ☐ Тай қағаз принтер түпқоймасына не кабельдеріне тиіп тұрса, басылып шығатын орын ауытқып кетуі мүмкін. Тай қағазды бірқалыпты жүктелетіндей орналастырыңыз. (A)
- ☐ Тай қағаз үймесінің биіктігі итеруші механизмге дейін не одан асып кетсе, қағаздар қабаттасып берілуі мүмкін. (B)
- ☐ Тай қағазды міндетті түрде қорабынан шығарып, принтерден 1 м қашықтықта қойыңыз. (C)
- ☐ Тай қағазды дәл принтердің ішіне жүктеңіз. (D)


Итеруші механизм арқылы басып шығару

Итеруші механизм арқылы тай қағазды жүктеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.


Ескертпе:

Сол жақтағы тісті доңғалақтағы қағаз датчигіне тиіспеңіз.

1. Принтерді өшіріңіз.
2. Принтердің артқы жағында оң жақтағы тісті доңғалақты оның құлыптау иінтірегін жоғары қарай тарту арқылы босатыңыз.




3. Қағаз еніне сәйкестендіру үшін оң жақтағы тісті доңғалақты сырғытыңыз, бірақ оны құлыптаңыз.


**Ескертпе:**

Сол жақтағы тісті доңғалақ орнында бекітіледі әрі реттелмейді.

4. Ортадағы қағаз ұстағышты екі тісті доңғалақ арасында сәл сырғытыңыз.




5. Екі тісті доңғалақтың қақпақтарын ашыңыз.



* тісті доңғалақ қақпағы


6. Екі жағынан қағаздың бірінші екі тесігін доңғалақ тістеріне орнатыңыз. Қағаз салбырап жатпау үшін оң жақтағы тісті доңғалақты оңға қарай сәл сырғытыңыз.




Абай болыңыз:

Тай қағаздың бірінші парағы принтерге бірқалыпты берілуі үшін оның таза әрі шеттері түзу екенін тексеріңіз.

7. Тісті доңғалақ қақпақтарын жабыңыз.



8. Қағаздың салбырауын болдырмау және оны орнында бекіту үшін оң жақтағы тісті доңғалақты сырғытыңыз.



9. Принтерді іске қосыңыз.

10. Қағазды бастапқы орынға беру үшін **Load/Eject** түймесін басыңыз. Принтер деректерді қабылдағанда, ол басып шығара бастайды.

11. Басып шығаруды аяқтаған соң басылып шыққан құжатты жыртып алу үшін келесі бөлімдегі қадамдарды орындаңыз. Егер беттегі алғашқы басылып шыққан сызық тым жоғары не төмен болса, оның орнын Micro Adjust (Шағын реттеу) функциясы арқылы өзгертуге болады. “Бастапқы орынды реттеу” бетте 26 тарауын қараңыз.

Ескертпе:

- ❑ Басып шығаруды аяқтаған соң басылып шыққан құжатты жыртып алыңыз да, принтерді өшіріңіз. Басылып шыққан құжатты жыртып алмай принтерді өшіріп қоссаңыз, бастапқы орын параметрі қате орнатылуы мүмкін.

- ❑ Басылып шыққан құжатты жыртып алған соң қағаздың артқы жиегі қағаз датчигіне тимесе, қағаз басылып шықпай әрі қарай беріле береді.
- ❑ Жүктелген қағазды тартқыштан тартып шығармаңыз. Кері жағдайда қағаз тұрып қалуы немесе принтер дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Сондай-ақ бастапқы орын параметрі дұрыс орнатылмауы мүмкін.
- ❑ Тай қағаздың Басылып шығатын соңғы беті төмен сапамен басылып шығуы мүмкін.
- ❑ Егер беттегі алғашқы сызық тым жоғары не төмен болса, оның орнын *Micro Adjust* (Шағын реттеу) функциясы арқылы өзгертуге болады. Қосымша ақпаратты "Бастапқы орынды реттеу" бетте 26 тарауынан қараңыз.
- ❑ Тай қағаздың оң және сол жақ шеттері түзу әрі қағазды жүктегенде салбырап тұрмағанын тексеріңіз.
- ❑ Басып шығару барысында қағазды тартпаңыз. Кері жағдайда басып шығару сапасы нашарлауы мүмкін.



Абай болыңыз:

Басып шығару барысында жоғарғы қақпақты немесе сия картриджін ешқашан ашпаңыз.

Жыртып алу функциясын қолдану


Басып шығарған соң тай қағазды принтердің жыртып алу орнына жылжыту үшін жыртып алу функциясын қолдануға болады.

- ❑ Басып шығарудан кейін басылып шыққан парақты қолмен жыртып алу мақсатында қағаз тесіктерін жыртып алу орнына жылжыту үшін **Tear Off** түймесін басыңыз.
- ❑ Автоматты жыртып алу функциясын іске қосу үшін принтер драйверіндегі *Auto Tearoff Setting* (Автоматты жыртып алуды реттеу) мүмкіндігін іске қосыңыз. Басып шығарудан кейін белгілі бір уақыт өткен соң принтер қағаз тесіктерін жыртып алу орнына автоматты түрде жылжытады. Принтер басып шығару дерегін қабылдағанда ол қағазды бастапқы орынға автоматты түрде артқа қарай береді. Қосымша ақпаратты "Автоматты жыртып алу функциясын орнату" бетте 41 тарауынан қараңыз.

Қағаз тесіктері қаламаған жыртып алу орнында болғанда тесіктер орнын реттеу үшін *Micro Adjust* (Шағын реттеу) функциясын қолдануға болады. Қосымша ақпаратты "Жыртып алу күйін реттеу" бетте 25 тарауынан қараңыз.

Автоматты жырып алу функциясын қолдану үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Басып шығару аяқталып, принтер қағазды жыртып алу орнына жылжитқан соң, қағазды ұстап тұрып барлық басылып шыққан беттерді жыртып алыңыз.



* тесіктер

Ескертпе:

Басып шығарудан кейін қағаз жыртып алу орнына жылжи бастағанша уақыт орнатуға болады. Параметрлерді өзгерту үшін "Автоматты жыртып алу функциясын орнату" бетте 41 тарауын қараңыз.

2. Басып шығаруды жалғастырғанда принтер қағазды бастапқы орынға кері беріп, басып шығаруды бастайды.

Тай қағазды алу

Принтердің ішінен тай қағазды алу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Басып шығару аяқталып, принтер қағазды жыртып алу орнына жылжитқан соң, барлық басылып шыққан беттерді жыртып алыңыз.
2. Қағазды бастапқы орынға артқа қарай беру үшін **Tear Off** түймесін басыңыз.
3. Қағазды принтерден тыс күту күйіне артқа қарай беру үшін **Load/Eject** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

***Load/Eject** түймесін қолданып, қағазды 558,8 мм (22 дюйм) не одан да көбірек қадамға артқа қарай бермеңіз. Кері жағдайда қағаз тұрып қалуы мүмкін.*

4. Принтердің ішінен қағазды толығымен алу үшін тісті доңғалақ қақпақтарын ашыңыз. Қағазды тартқыштан алып тастап, тісті доңғалақ қақпақтарын жабыңыз.

Арнайы қағазды жүктеу

Заттаңбалар

Негізгі тай парақты заттаңбаларды ғана қолдануға болады. Бір парақты заттаңбаларды қолдануға болмайды.

Заттаңбаларды жүктеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.



Абай болыңыз:

- ❑ *Заттаңбалар температура мен ылғалдылыққа ерекше сезімтал болғандықтан, оларды қалыпты қолдану шарттарында ғана пайдаланыңыз.*
 - ❑ *Жылтыр заттаңбаларды қолданғанда басылып шыққа заттаңба формасын жыртып алып, басып шығару аяқталған соң принтерді өшіріңіз. Басылып шыққан заттаңба формасын басылып шықпаған заттаңба формаларына жалғанған күйде қалдырмаңыз.*
1. Бағдарлама параметрлерінің басып шығаруды арнайы баспа аймағында орындайтынын тексеріңіз. Баспа аймағы туралы ақпаратты “Басылып шығатын аймақ” бетте 104 тарауынан қараңыз.
 2. Заттаңбаларды “Тай қағазда басып шығару” бетте 17 тарауында сипатталғандай жүктеңіз.

Заттаңбаларды шығару


Заттаңбаларды жыртып алу және шығару үшін әрқашан төмендегі қадамдарды орындаңыз.



Абай болыңыз:

*Заттаңбаларды ешқашан **Load/Eject** түймесін қолданып артқа қарай бермеңіз. Заттаңбалар негізінен оңай алынып, принтерде тұрып қалуы мүмкін.*

1. Принтердің артқы жағында принтерге тесіктер бойынша енгізілген соңғы заттаңба формасын жыртып алыңыз. Төмендегі суретті қараңыз.



2. Соңғы заттаңба формасын алға қарай шығару үшін **FF** түймесін басыңыз.

Micro Adjust (Шағын реттеу) функциясын қолдану

Micro Adjust (Шағын реттеу) функциясы қағазды алға не артқа қарай 0,141 мм (1/180 дюйм) қадамға жылжытуға мүмкіндік береді, сонда бастапқы мен жыртып алу күйлері бойынша нақты реттеуге болады.

Жыртып алу күйін реттеу

Қағаз тесіктері қаламаған жыртып алу орнында болғанда тесіктер орнын реттеу үшін Micro Adjust (Шағын реттеу) функциясын қолдануға болады.


Жыртып алу орнын реттеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Ескертпе:

Жыртып алу күйі параметрі оны өзгерткенше принтерді өшірген жағдайда да өз күшінде қалады.

1. Қағаздың жыртып алу орнында екенін тексеріңіз.
2. **Pause** түймесін шамамен үш секундтай басып тұрыңыз. **Pause** шамы жыпылықтап, принтер Micro Adjust (Шағын реттеу) режиміне ауысады.

3. Қағаз тесіктері қалаған жыртып алу орнында болғанда қағазды алға қарай беру үшін **FF** ↓ түймесін басыңыз не болмаса қағазды артқа қарай беру үшін **Load/Eject** ↑ түймесін басыңыз.



Ескертпе:

Принтердің минималды және максималды жыртып алу орны бар (көп дегенде 50,8 мм [2 дюйм] қадамға артқа қарай немесе 25,4 мм [1 дюйм] қадамға алға қарай). Жыртып алу күйін осы шектеулерден астырып реттеген жағдайда принтер дыбыстық сигнал шығарып, қағаз жылжытуды тоқтатады. Принтер әдепкі жыртып алу орнына жеткенде де дыбыстық сигнал шығарады.

4. Басылып шыққан беттерді жыртып алыңыз.
5. Шағын реттеу режимінен шығу үшін **Pause** түймесін басыңыз.

Бастапқы орынды реттеу

Бастапқы орын — принтер басып шығаруды бастайтын беттегі орын. Егер бетте тым жоғары не төмен басылып шықса, бастапқы орынды реттеу үшін Шағын реттеу функциясын қолдануға болады.

Бастапқы орынды реттеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Ескертпе:

- ❑ Бастапқы орын параметрі оны өзгерткенше принтерді өшірген жағдайда да өз күшінде қалады.
- ❑ Кейбір қолданбаларда орнатылған жоғарғы шет параметрі Шағын реттеу функциясымен орнатылған бастапқы орын параметрін алмастырады. Қажет болған жағдайда қолданбада бастапқы орынды реттеңіз.


1. Жоғарғы қақпақты ашыңыз.

2. **Pause** түймесін шамамен үш секундтай басып тұрыңыз. **Pause** шамы жыпылықтап, принтер Шағын реттеу режиміне ауысады да, қағаз ағымдағы бастапқы орынға жылжытылады.
3. Бетте бастапқы орынды төмен қарай жылжыту үшін **FF ↓** түймесін басыңыз не болмаса бетте бастапқы орынды жоғары қарай жылжыту үшін **Load/Eject ↑** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

- ❑ *Принтердің минималды және максималды бастапқы орны бар (көп дегенде 23,4 мм [0,921 дюйм] қадамға артқа қарай немесе 50,8 мм [2 дюйм] қадамға алға қарай). Оны осы шектеулерден астырып реттеген жағдайда принтер дыбыстық сигнал шығарып, қағаз жылжытуды тоқтатады.*
- ❑ *Қағаз әдепкі бастапқы орынға жеткенде де принтер дыбыстық сигнал шығарып, қағаз жылжытуды аз уақытқа тоқтатады. Бастапқы орынды реттегенде бағдар ретінде әдепкі параметрді қолдануға болады.*

Бастапқы орынды жоғарғы қақпақты ашып, қағазды принтердегі шкаламен туралау арқылы реттеуге болады.



* бастапқы орын

4. Шағын реттеу режимінен шығу үшін **Pause** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

- ❑ *Бастапқы орынды алға қарай жылжытқанда қолданып жатқан қағаз ұзындығынан ұзын болса, алға қарай жылжытылған бетте басып шығара алмайсыз.*
- ❑ *Бастапқы орынды артқа қарай жылжытқанда қолданып жатқан қағаз ұзындығынан ұзын болса, құжаттың не кескіннің бірінші бөлігін басып шығара алмайсыз.*

Тарау 4

Принтер бағдарламасы

Принтер бағдарламасы туралы

Epson бағдарламасы принтер драйвері мен EPSON Status Monitor 3 қолданбасын қамтиды.

Принтер драйвері — компьютерге принтерді басқаруға мүмкіндік беретін бағдарлама. Принтер драйверін орнату керек, сонда Windows қолданбалары принтердің мүмкіндіктерін толығымен қолдана алады.

EPSON Status Monitor 3 қолданбасы принтер күйін, қателер орын алған кездегі дабылдарды бақылауға мүмкіндік береді және ақаулықтарды жою бойынша кеңестер береді. EPSON Status Monitor 3 қолданбасы принтер драйверін орнатқанда автоматты түрде орнатылады.

Ескертпе:

- ❑ Жалғастырмас бұрын компьютерде принтер драйверінің *Start Here (Осы жерден бастаңыз)* тарауында сипатталғандай орнатылғанын тексеріңіз.
- ❑ Келесі беттердегі экрандық мәзір принтер драйверінің нұсқасына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.
- ❑ Принтер драйверін қайта орнату не жаңарту қажет болғанда қазір орнатылған принтер драйверін жойыңыз.

Принтер драйверін қолдану

Принтер драйверіне Windows қолданбаларынан немесе Start (Бастау) мәзірінен кіруге болады.

- ❑ Принтер драйверіне Windows қолданбасынан кіргенде орнатылған параметрлер пайдаланып жатқан қолданбаға ғана қолданылады. Қосымша ақпаратты “Windows Қолданбаларынан принтер драйверіне кіру” бетте 29 тарауынан қараңыз.

- ❑ Принтер драйверіне Start (Бастау) мәзірінен кіргенде принтер драйверінің орнатылған параметрлері қолданбалардың барлығына қолданылады. Қосымша ақпаратты “Принтер драйверіне Start (Бастау) мәзірінен кіру” бетте 29 тарауынан қараңыз.

Принтер драйверінің параметрлерін тексеру әрі өзгерту үшін “Принтер драйверінің параметрлерін өзгерту” бетте 31 тарауын қараңыз.

Ескертпе:

Көптеген Windows қолданбалары принтер драйвері арқылы орнатылған параметрлерді алмастырғанда, кейбіреулері олай етпейді. Сондықтан принтер драйверінің параметрлері талаптарға сәйкес екенін тексеріңіз.

Windows Қолданбаларынан принтер драйверіне кіру

Принтер драйверіне Windows қолданбасына кіру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Қолданбаның File (Файл) мәзіріндегі **Print Setup (Басып шығаруды орнату)** немесе **Print (Басып шығару)** тармағын таңдаңыз. Басып шығару немесе Басып шығаруды реттеу диалогтық терезесі көрсетілген жағдайда принтердің таңдалғанын тексеріңіз.
2. **Preferences (Параметрлер), Printer Properties (Принтер сипаттары)** немесе **Options (Опциялар)** түймесін басыңыз. (Түйме қолданба түріне байланысты болғандықтан, мұндай түймелердің бірнешеуін басу керек болуы мүмкін.) Құжат сипаттамалары диалогтық терезесі пайда болады. Диалогтік терезедегі Main (Басты), Paper, Layout (Орналасу) және Utility (Қызметтік бағдарлама) мәзірлерінде принтер драйверінің параметрлері бар.
3. Мәзірді көру үшін диалогтық терезенің жоғарғы жағындағы тиісті қойындыны басыңыз. Параметрлерді өзгерту үшін “Принтер драйверінің параметрлерін өзгерту” бетте 31 тарауын қараңыз.

Принтер драйверіне Start (Бастау) мәзірінен кіру

Принтер драйверіне Start (Бастау) экранынан немесе Start (Бастау) мәзірінен кіру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

Ескертпе:

Осы процедурада қолданылатын экрандық суреттер Windows XP жүйесінен алынған. Олар экранда шынында көрсетілетіннен өзгеше болуы мүмкін; дегенмен нұсқаулар өзгермейді.

1. Windows 8.1, 8, Server 2012 R2 немесе Server 2012:

Start (Бастай) экранындағы **Desktop (Жұмыс үстелі)** түймесін басып, жүгіртпені экранның жоғарғы оң жақ бұрышына жылжытып, **Settings (Параметрлер)**, одан кейін **Control Panel (Басқару тақтасы)** түймелерін басыңыз. Содан соң **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** санатынан **View devices and printers (Құрылғылар және принтерлерді қарау)** тармағын таңдаңыз.

Windows 7 немесе Server 2008 R2 үшін:

Start (Бастай) түймесін басып, **Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер)** тармағын таңдаңыз.

Windows Vista немесе Server 2008 үшін:

Start (Бастай) түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)**, (**Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)**), одан кейін **Printers (Принтерлер)** тармақтарын таңдаңыз.

Windows XP Professional немесе Server 2003 үшін:

Start (Бастай) түймесін басып, **Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар)** тармағын таңдаңыз.

2. Принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Printing Preferences (Басып шығару параметрлері)** тармағын таңдаңыз. Printing Preferences (Басып шығару параметрлері) диалогтық терезесі пайда болады. Диалогтік терезедегі Main (Басты), Paper, Layout (Орналасу) және Utility (Қызметтік бағдарлама) мәзірлерінде принтер драйверінің параметрлері бар.

Принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басу арқылы мәзірде көрсетілетін **Printer properties (Принтер сипаттамалары)** (Windows 8.1, 8, 7, Server 2012 R2, Server 2012 немесе Server 2008 R2) немесе **Properties (Сипаттар)** (Windows Vista, XP, Server 2008 немесе Server 2003) тармағын басқан жағдайда Сипаттамалар диалогтық терезесі пайда болады. Диалогтік терезедегі мәзірлер принтер драйверінің параметрлерін орнату үшін қолданылады.

Ескертпе:

*Windows 8.1, 8, 7, Server 2012 R2, Server 2012 немесе Server 2008 R2 үшін **Properties (Сипаттар)** тармағын таңдамаңыз, бірақ **Properties (Сипаттар)** және **Printer properties (Принтер сипаттамалары)** тармақтары мәзірде көрсетіледі.*

3. Мәзірді көру үшін диалогтық терезенің жоғарғы жағындағы тиісті қойындыны басыңыз. Параметрлерді өзгерту үшін “Принтер драйверінің параметрлерін шолу” бетте 31 тарауын қараңыз.

Принтер драйверінің параметрлерін өзгерту

Принтер драйверінің параметрлерді өзгертуге мүмкіндік беретін үш мәзірі бар (Main (Басты), Paper және Layout (Орналасу)). Принтер бағдарламасындағы Utility (Қызметтік бағдарлама) мәзір арқылы да параметрлерді өзгертуге болады. Қолжетімді параметрлерді шолу үшін “Принтер драйверінің параметрлерін шолу” бетте 31 тарауын қараңыз. Онлайн анықтаманы көру үшін Принтер драйвері диалогтық терезесіндегі **Help** түймесін басыңыз. Драйвердегі элементтерді тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, Help тармағын таңдау арқылы да онлайн анықтаманы көруге болады.

Принтер драйверінің параметрлерін орнатуды аяқтағанда параметрлерді қолдану үшін **OK** түймесін немесе өзгертулерден бас тарту үшін **Cancel (Болдырмау)** түймесін басыңыз.

Принтер драйверінің параметрлерін тексеріп, қажетінше өзгерткен соң басып шығаруға болады.

Принтер драйверінің параметрлерін шолу

Төмендегі кестелерде Windows принтер драйвері параметрлері көрсетілген. Әр параметрдің Windows жүйесінің барлық нұсқаларында қолжетімді бола бермейтінін ескеріңіз. Қосымша мәліметтер алу үшін принтер драйверіне қатысты онлайн анықтаманы қараңыз.

Принтер параметрлері

Параметрлер	Түсіндірмелер
Media Type (Тасушы түрі)	Қолданылатын ақпарат тасығыш түрін таңдаңыз.
Color (Түс)	Бұл параметр өзгертілмейді. GP-C830/GP-C831/GP-C832 принтерлері түрлі түсті етіп басып шығара алады, ал GP-M830/GP-M831/GP-M832 принтерлері тек қара-ақ түсте басып шығарады.

Параметрлер	Түсіндірмелер
Mode (Режим)*	<p>Automatic (Автоматты) режимін Media Type (Тасушы түрі) және Color (Түс) параметрлерінің негізіндегі үздік параметрлермен басып шығару үшін таңдаңыз.</p> <p>Принтер драйверінің параметрлерін көбірек бақылауды қаласаңыз, Customтармағын таңдаңыз.</p> <p>Принтер жұмысының дыбысын өшіру үшін Silent Feed (Үнсіз беру) тармағын таңдаңыз.</p>
Print Density (Басып шығару тығыздығы)	<p>Бұл параметр ақпарат тасығыш түріне байланысты бұлыңғыр етіп басылып шығуын болдырмауға мүмкіндік береді.</p> <p>Customтармағын таңдап, Advanced (Қосымша) түймесін басыңыз да, Print Density (Басып шығару тығыздығы) жүгірткіні қолданып басып шығару тығыздығын реттеңіз.</p>
Ink Levels (Сия деңгейлері)	Қалған сия мөлшерін көрсетеді.
Print Preview (Басылып шығатын бетті алдын ала қарап алу)	Бұл параметр басып шығару алдында құжатты алдын ала қарап алуға мүмкіндік береді.
Paper Size (Қағаз өлшемі)	<p>Қолданылатын қағаз өлшемін таңдаңыз. Қағаз өлшемін көрмесеңіз, тізімді қарап шығу үшін айналдыру жолағын қолданыңыз. Қағаз өлшемі тізімде жоқ болса, нұсқауларды "Теңшелетін қағаз өлшемін қосу" бетте 33 тарауынан қараңыз.</p> <p>Ескертпе: Егер принтер драйвері арқылы орнатылған қағаз өлшемінің ені жүктелген қағаз енінен үлкен болса, жүктелген қағаздың басылып шығатын аймағынан тыс деректер бөлігі басылып шықпайды.</p>
Copies (Көшірмелер)*	<p>Copies (Көшірмелер) терезесінде көшірмелер санын көрсетіңіз.</p> <p>Жинақтардағы бірнеше құжатты басып шығару үшін Collate (Реттеп шығару) тармағын таңдаңыз.</p> <p>Артқы жағынан алдыңғы жағына басып шығару үшін Reverse Order (Кері рет) тармағын таңдаңыз.</p>
Orientation (Бағдар)	<p>Portrait (Кітаптық) немесе Landscape (Альбомдық) тармағын таңдаңыз.</p> <p>Құжаттарды жоғарыдан төмен қарай басып шығару үшін Rotate by 180 degrees (180 градусқа бұру) тармағын таңдаңыз.</p>
Reduce/Enlarge (Кішірейту/Үлкейту)*	Бұл параметрлер сәйкестігін сақтай отырып құжат өлшемін үлкейтуге не кішірейтуге мүмкіндік береді.
Multi-Page (Көп бетті)*	Бұл параметрлер бірнеше бетті басып шығару функциясын іске қосуға мүмкіндік береді.

Параметрлер	Түсіндірмелер
Stampmark (Мөр таңба)*	Бұл параметрлер таңдалған мөр таңбасы бар құжаттарды басып шығаруға мүмкіндік береді.
Extended Settings (Кеңейтілген параметрлер)	Бұл параметр басылып шығатын бет күйін тігінен реттеуге мүмкіндік береді.

* Қосымша ақпаратты Windows анықтамасынан қараңыз.

Теңшелетін қағаз өлшемін қосу

Егер Paper Size (Қағаз өлшемі) ашылмалы тізімінде қажетті қағаз өлшемі жоқ болса, оны тізімге қосуға болады.

1. Windows 8.1, 8, Server 2012 R2 немесе Server 2012:
Start (Бастай) экранындағы **Desktop (Жұмыс үстелі)** түймесін басып, жүгіртпені экранның жоғарғы оң жақ бұрышына жылжытып, **Settings (Параметрлер)**, одан кейін **Control Panel (Басқару тақтасы)** түймелерін басыңыз. Содан соң **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** санатынан **View devices and printers (Құрылғылар және принтерлерді қарау)** тармағын таңдаңыз.

Windows 7 немесе Server 2008 R2 үшін:

Start (Бастай) түймесін басып, **Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер)** тармағын таңдаңыз.

Windows Vista немесе Server 2008 үшін:

Start (Бастай) түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)**, **(Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс))**, одан кейін **Printers (Принтерлер)** тармақтарын таңдаңыз.

Windows XP Professional немесе Server 2003 үшін:

Start (Бастай) түймесін басып, **Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар)** тармағын таңдаңыз.

2. Принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Printing Preferences (Басып шығару параметрлері)** тармағын таңдаңыз.
3. **Paper** қойындысын басыңыз.
4. **User Defined (Пайдаланушы анықтайтын)** тармағын Paper Size (Қағаз өлшемі) параметрін орнату үшін таңдаңыз.

5. **Paper Size Name (Қағаз өлшемінің аты)** терезесінде қағаз өлшемінің атын енгізіңіз.
6. Unit (Бірлік) тармағының астында **1 mm (1 мм)** немесе **1 inch (1 дюйм)** өлшемін таңдап, **Paper Width (Қағаз ені)** және **Paper Height (Қағаз биіктігі)** терезелеріне қағаз өлшемін енгізіңіз.
7. **Save (Сақтау)** пәрменін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Қосымша мәліметтер алу үшін принтер драйверіне қатысты онлайн анықтаманы қараңыз.

Параметрлерді бақылау

Параметрлер	Түсіндірмелер
EPSON Status Monitor 3	EPSON Status Monitor 3 қолданбасына Utility (Қызметтік бағдарлама) мәзіріндегі түймені басқанда кіруге болады. Принтерді бақылағанда Other Config (Басқа конфигурация) диалогтық терезесінде Disables EPSON Status Monitor 3 белгісінің қойылмағанын тексеріңіз.
Monitoring Preferences (Таңдаулыларды бақылау)	EPSON Status Monitor 3 параметрлерін орнатуға болатын Monitoring Preferences (Таңдаулыларды бақылау) диалогтық терезесін ашу үшін осы түймені басыңыз. Қосымша ақпаратты "EPSON Status Monitor 3 қолданбасын реттеу" бетте 35 тарауынан қараңыз.

EPSON Status Monitor 3 пайдалану

EPSON Status Monitor 3 қолданбасы принтер күйін, принтердің қателері орын алған кездегі дабылдарды бақылауға мүмкіндік береді және қажет болғанда ақаулықтарды жою бойынша нұсқаулар береді.

EPSON Status Monitor 3 қолданбасы мына жағдайда қолжетімді:

- ☐ Принтер қатарлас [LPTx], [BILPTx] не болмаса USB порт арқылы тікелей негізгі компьютерге қосылғанда.
- ☐ Жүйе екі бағытты байланысты қолдағанда.

EPSON Status Monitor 3 қолданбасы принтер драйвері *Start Here (Осы жерден бастаңыз)* тарауында сипатталғандай орнатылғанда және принтер дұрыс қосылғанда орнатылады.



Абай болыңыз:

Windows 8.1, 8, 7, Vista немесе XP жүйесінің Remote Desktop (Қашықтағы жұмыс үстелі) функциясы арқылы қашықтан компьютерге тікелей қосылған принтермен басып шығаруға болғанмен, байланыс қателері орын алуы мүмкін.*

** Remote Desktop (Қашықтағы жұмыс үстелі) функциясы: пайдаланушыға қолданбаларға немесе кеңсе желісіне қосылып тұрған компьютердегі файлдарға мобильді компьютер арқылы қашықтан кіру мүмкіндігін беретін функция.*

Ескертпе:

Егер Windows 8.1, 8, 7, Vista немесе XP жүйесімен жұмыс істейтін компьютер қолданылса әрі бірнеше пайдаланушы жүйеге кірсе, принтерлерді бақылаған кезде байланыс қатесі туралы хабар көрсетіледі.

EPSON Status Monitor 3 қолданбасын реттеу

EPSON Status Monitor 3 қолданбасын реттеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Windows 8.1, 8, Server 2012 R2 немесе Server 2012:
Start (Бастау) экранындағы **Desktop (Жұмыс үстелі)** түймесін басып, жүгіртпені экранның жоғарғы оң жақ бұрышына жылжытып, **Settings (Параметрлер)**, одан кейін **Control Panel (Басқару тақтасы)** түймелерін басыңыз. Содан соң **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** санатынан **View devices and printers (Құрылғылар және принтерлерді қарау)** тармағын таңдаңыз.

Windows 7 немесе Server 2008 R2 үшін:

Start (Бастау) түймесін басып, **Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер)** тармағын таңдаңыз.


Windows Vista немесе Server 2008 үшін:

Start (Бастау) түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы), (Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс),)** одан кейін **Printers (Принтерлер)** тармақтарын таңдаңыз.

Windows XP Professional немесе Server 2003 үшін:

Start (Бастау) түймесін басып, **Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар)** тармағын таңдаңыз.

2. Принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Printing Preferences (Басып шығару параметрлері)** тармағын таңдаңыз да, **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын басыңыз.
3. **Other Config (Басқа конфигурация)**, одан кейін **Monitoring Preferences (Таңдаулыларды бақылау)** тармақтарын таңдаңыз. Monitoring Preferences (Таңдаулыларды бақылау) диалогтық терезесі пайда болады.



4. Мына параметрлер қолжетімді:

Хабарландыруды таңдау	<p>Қате элементі белгісінің Қосулы/Өшірулі күйін көрсетеді.</p> <p>Таңдалған қате туралы хабарландыруды көрсету үшін мына ұяшыққа белгі қойыңыз.</p>
------------------------------	--

Таңбашаны таңдау	Таңдалған белгіше тапсырмалар тақтасында көрсетіледі. Орнату үлгісі оң жақ терезеде көрсетіледі. Таңбашаны басу арқылы Monitoring Preferences (Таңдаулыларды бақылау) диалогтық терезесін оңай ашуға болады.
-------------------------	--

Ескертпе:

Барлық элементтерді әдепкі параметрлерге қайтару үшін **Default** түймесін басыңыз.

EPSON Status Monitor 3 қолданбасына кіру

EPSON Status Monitor 3 қолданбасына кіру үшін мына әрекеттердің бірін орындаңыз:

- ❑ Тапсырмалар тақтасындағы принтер таңбашасын екі рет басыңыз. Тапсырмалар тақтасына таңбаша қосу үшін “EPSON Status Monitor 3 қолданбасын реттеу” бетте 35 тарауын қараңыз.
- ❑ Utility (Қызметтік бағдарлама) мәзірін ашып, EPSON Status Monitor 3 түймесін басыңыз. Utility (Қызметтік бағдарлама) мәзірін ашып, “EPSON Status Monitor 3 қолданбасын реттеу” бетте 35 тарауын қараңыз.

EPSON Status Monitor 3 қолданбасына кіргенде жоғарыда сипатталғандай мынадай принтер күйі терезесі пайда болады.



Принтер күйін осы терезеде тексеруге болады.

Ескертпе:

Басып шығару барысында принтер күйі туралы ақпарат алынбауы мүмкін. Мұндай жағдайда Utility (Қызметтік бағдарлама) қойындысындағы **EPSON Status Monitor 3** түймесін басып, күй терезесі ашық тұрған принтерді қолданыңыз.

Штрих-кодтарды немесе 2D таңбаларын басып шығару

Принтер драйверінде келесі штрих-код қаріптері және 2D таңба қаріптері бар.

Штрих-кодтарды және 2D таңбаларын қолданбалар арқылы жасаусыз оңай басып шығаруға болады.

Принтер	Штрих-код қарпі	2D таңбасының қарпі
GP-C830/GP-C831/ GP-C832	UPC-A UPC-E JAN13(EAN) JAN8(EAN) Code39 ITF Codabar Code93 Code128 GS1-128 GS1 барлық бағыттық деректер жолағы GS1 қысқартылған деректер жолағы GS1 шектелген деректер жолағы GS1 кеңейтілген деректер жолағы	PDF417 QR коды MaxiCode GS1 дестеленген деректер жолағы GS1 барлық бағыттық дестеленген деректер жолағы GS1 барлық бағыттық кеңейтілген деректер жолағы DataMatrix AztecCode
GP-C830/GP-C831/ GP-C832	Code39 Code128 ITF	QR коды

Штрих-код қаріптерін немесе 2D таңба қаріптерін орнату

Штрих-кодтарды немесе 2D таңбаларын басып шығару алдында принтер драйверімен қаріп түрін, қаріп өлшемін және т.с.с. көрсетіңіз.

1. Принтер драйверіне кіріңіз. “Принтер драйверін қолдану” бетте 28 тарауын қараңыз.
2. **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын басыңыз, содан кейін **Barcode and 2D Symbol (Штрих-код және 2D таңба)** тармағын басыңыз.
3. Әр элементті орнатыңыз.

Осы параметрлер туралы ақпаратты онлайн анықтамадан қараңыз.

4. **Add (Қосу)** түймесін басыңыз.


Ескертпе:

30-ға дейін штрих-код және 2D таңба қаріптерін қосуға болады.

5. **OK** түймесін басыңыз.

Штрих-код қаріптерін немесе 2D таңба қаріптерін басып шығару

Деректерді қолданбамен жасаңыз, штрих-код қарпін немесе 2D таңба қарпін және орнатылған қаріп өлшемін орнатыңыз, содан кейін деректерді басып шығарыңыз.

**Ескертпе:**

- ☐ Штрих-кодқа арналған **Specified Point (Нақты нүкте)** опциясы арқылы орнатылған қаріп өлшемін көрсетіңіз. Егер басқа қаріп өлшемдері көрсетілсе, штрих-кодты басып шығара алмайсыз.
- ☐ Штрих-кодтарды басып шығарғанда әрі пайдаланғанда оларды нақты қолдану шарттарына сәйкес дұрыс сканерлеуге болатынын тексеріңіз.

Автоматты жыртып алу функциясын орнату

Автоматты жыртып алу функциясын іске қосуды не қоспауды таңдауға болады. Автоматты жыртып алу функциясы іске қосылғанда принтер белгіленген уақыт басып шығарудан соң аяқталғанда тай қағазды автоматты түрде жыртып алу орнына жылжытады.

1. Принтер драйверіне кіріңіз. “Принтер драйверін қолдану” бетте 28 тарауын қараңыз.
2. **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын, одан кейін **Auto Tearoff Setting (Автоматты жыртып алуды реттеу)** түймесін басыңыз.
3. **auto tearoff enabled (автоматты жыртып алу мүмкіндігі қосулы)** тармағын, одан кейін delay time (кідірту уақыты) терезесін немесе **auto tearoff disabled (автоматты жыртып алу мүмкіндігі өшірулі)** тармағын таңдаңыз.
4. **OK** түймесін басыңыз.

Дабылды орнату

Басып шығару аяқталғанда дабыл дыбыс шығаратындай не шығармайтындай орнату

1. Принтер драйверіне кіріңіз. “Принтер драйверін қолдану” бетте 28 тарауын қараңыз.
2. **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын басып, одан кейін **Other Config (Басқа конфигурация)** тармағын таңдаңыз.
3. **Control Buzzer Settings (Дабыл басқару параметрлері)** ұяшығына белгі қойып, басып шығару аяқталғанда дабыл дыбыс шығаруы үшін Control Buzzer Settings (Дабыл басқару параметрлері) ашылмалы тізімінен **Every Page (Әр бет)** немесе **Only Last Page (Тек соңғы бет)** тармағын таңдаңыз. Дабыл дыбыс шығармауы үшін **Control Buzzer Settings (Дабыл басқару параметрлері)** ұяшығына белгі қойыңыз.
4. **OK** түймесін басыңыз.

5. **OK** түймесін басыңыз.

Қате орын алғанда дабыл дыбыс шығаратындай не шығармайтындай орнату

1. Принтер драйверіне кіріңіз. “Принтер драйверін қолдану” бетте 28 тарауын қараңыз.
2. **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын, одан кейін **Notification Setting (Хабарландыру орнату)** түймесін басыңыз.
3. Қате орын алғанда дабыл дыбыс шығаруы үшін **Веер (Дыбыс)** тармағын немесе дабыл дыбыс шығармауы үшін **No Веер(Дыбыссыз)** тармағын таңдаңыз.
4. **OK** түймесін басыңыз.

Қыруды азайту режимін қолдану

Қыруды азайту режимінде басып шығару басымен қыруды азайтуға болады.

1. Принтер драйверіне кіріңіз. “Принтер драйверін қолдану” бетте 28 тарауын қараңыз.
2. **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын басып, **Printer and Option Information (Принтер және опция туралы ақпарат)** түймесін басыңыз. Printer and Option Information (Принтер және опция туралы ақпарат) диалогтық терезесі пайда болады.
3. **Reduce scraping (Қыруды азайту)** ұяшығына белгі қойыңыз.
4. **OK** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Принтер қыруды азайту режимінде болғанда басып шығару жылдамдығы баяулап, штрих-кодтарды басып шығару сапасы нашарлауы мүмкін.


Басып шығару орнын реттеу

Басып шығару орнын көлденеңінен реттеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Принтер драйверіне кіріңіз. “Принтер драйверін қолдану” бетте 28 тарауын қараңыз.
2. **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын, одан кейін **Print Position Adjustment (Басып шығару басын реттеу)** түймесін басыңыз.
3. Print Position (Басып шығару) реттеу мәнін орнатып, **OK** түймесін басыңыз.

Жүгірткі арқылы мәнді таңдаңыз немесе терезеде мәнді енгізіңіз.

Принтер алдынан қарап тұрғанда басып шығару басын сол жаққа қарай реттеу үшін оң мәнді орнатыңыз. Басып шығару басын оң жаққа қарай реттеу үшін теріс мәнді орнатыңыз.



4. **OK** түймесін басыңыз.

Ескертпе:

Басып шығару орнының реттелуіне байланысты белгіленген аймақтан тыс деректер басылып шықпайды.

USB Replacement Service

USB Replacement Service — бір үлгіге жататын басқа принтерге ауыстырылғанда шығыс портты автоматты түрде өзгертетін бағдарлама. USB интерфейсі арқылы қосылған принтерді сол үлгіге жататын басқа принтерге ауыстырғанда бұл бағдарлама жаңа принтерді анықтап, Windows жүйесінде тіркелген принтер драйвері сипаттамаларын қайта жазып, шығыс портты автоматты түрде өзгертеді. Мысалы, USB арқылы қосылған принтер дұрыс жұмыс істемеген жағдайда бұл бағдарлама жай ғана принтерді ауыстырып, қолданбада не амалдық жүйеде параметрлерді қолмен өзгерту қажетінсіз басып шығаруды жалғастыруға мүмкіндік береді.

Ескертпе:

USB Replacement Service бағдарламасын бір үлгіге жататын екі не одан да көп принтерлер бар ортада қолданбаңыз.

USB Replacement Service бағдарламасын орнату

USB Replacement Service бағдарламасын орнатпас бұрын принтер драйверінің орнатылғанын тексеріңіз.

USB Replacement Service бағдарламасын орнату үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Принтерді өшіріңіз.
2. Компьютерде Windows жүйесінің жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
3. Принтер бағдарламасының CD-ROM дискісін CD-ROM жетегіне салыңыз.

Ескертпе:

- ☐ *Егер тіл таңдау үшін диалогтық терезе пайда болса, тілді таңдаңыз.*
 - ☐ *Егер EPSON орнату бағдарламасының диалогтық терезесі автоматты түрде көрсетілмесе **My Computer (Менің компьютерім)** белгішесін екі рет басыңыз, одан кейін CD-ROM белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, көрсетілген мәзірден **OPEN (Ашу)** тармағын таңдаңыз да, **InstallNavi.exe** файлы екі рет басыңыз.*
4. Лицензиялық келісім диалогтық терезесі көрсетілгенде мәлімдемені оқып шығып, **Next (Келесі)** түймесін басыңыз.

5. Принтерді таңдаңыз.
6. **USB Replacement Service** бағдарламасын таңдап, **Install (Орнату)** түймесін басыңыз.
7. Орнату процесі аяқталып болғанда **OK** түймесін басыңыз.

USB арқылы қосылған принтерді ауыстыру

Принтерді сол үлгіге жататын басқа принтерге ауыстыру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Принтер драйверіне кіріп, **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын басыңыз да, **Auto Tear Off Setting (Автоматты жыртып алуды орнату), Notification Settings (Хабарландыру параметрлері)** және **Print Position Adjustment (Басып шығару басын реттеу)** үшін ағымдағы параметрлерді жазып алыңыз. “Принтер драйверін қолдану” бетте 28 тарауын қараңыз.
2. Принтерді өшіріп, принтерден USB кабелін ажыратыңыз.
3. USB кабелін жаңа принтерге жалғап, принтерді іске қосыңыз.
4. Принтер драйверіне кіріп, **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын басыңыз да, 1-қадамда жазып алған параметрлерді көрсетіңіз.
5. Бастапқы орынның тігінен дұрыс реттелгеніне көз жеткізіп, қажет болғанда оны Шағын реттеу функциясы арқылы реттеңіз. “Бастапқы орынды реттеу” бетте 26 тарауын қараңыз.

BI Parallel Port Driver

BI Parallel Port Driver — принтер қатарлас порт арқылы қосылған жағдайда жоғары жылдамдықпен байланысқанда қолданылатын бағдарлама. Жоғары жылдамдықпен байланысқанда тасымалдау жылдамдығы артады.

Бұл бағдарлама принтер драйвері орнатылғанда автоматты түрде орнатылады.

Жоғары жылдамдықпен байланысу үшін келесі параметрлерді көрсетіңіз.

1. Windows 8.1, 8, Server 2012 R2 немесе Server 2012:
Start (Бастау) экранындағы **Desktop (Жұмыс үстелі)** түймесін басып, жүгіртпені экранның жоғарғы оң жақ бұрышына жылжытып, **Settings (Параметрлер)**, одан кейін **Control Panel (Басқару тақтасы)** түймелерін басыңыз. Содан соң **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** санатынан **View devices and printers (Құрылғылар және принтерлерді қарау)** тармағын таңдаңыз.

Windows 7 немесе Server 2008 R2 үшін:

Start (Бастау) түймесін басып, **Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер)** тармағын таңдаңыз.

Windows Vista немесе Server 2008 үшін:

Start (Бастау) түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы), (Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс),)** одан кейін **Printers (Принтерлер)** тармақтарын таңдаңыз.

Windows XP Professional немесе Server 2003 үшін:

Start (Бастау) түймесін басып, **Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар)** тармағын таңдаңыз.

2. Параметрлері өзгертілетін принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Printer properties (Принтер сипаттамалары)** (Windows 8.1, 8, 7, Server 2012 R2, Server 2012 немесе Server 2008 R2) немесе **Properties (Сипаттар)** (Windows Vista, XP, Server 2008 немесе Server 2003) тармағын басыңыз.

3. **Ports (Порттар)** қойындысын басыңыз.

4. **BILPTx** ұяшығына белгі қойыңыз.

Қатарлас порт аты — **BILPTx**.

5. Компьютердегі BIOS параметрін ECP режиміне өзгертіңіз.

Бұл параметр туралы қосымша ақпаратты компьютер нұсқаулығынан қараңыз.

EpsonNet Config

EpsonNet Config — желілік әкімшіге принтерлерді анықтауға, желілік принтерлердің функцияларын жеке не бума түрінде орнатуға не өзгертуге мүмкіндік беретін бағдарлама.

- ❑ Дербес желілік принтерлер немесе бума түріндегі барлық принтерлер үшін параметрлерді орнатуға не өзгертуге болады.
- ❑ Желілік принтерге қатысты конфигурация туралы ақпаратты SYLK пішіміндегі файл түрінде шығаруға болады. Microsoft Excel бағдарламасы SYLK пішімін қолдағандықтан, пайдаланушы бірнеше принтерге қатысты конфигурация туралы ақпаратқа бумалық реттеу не өзгерту жасай алады.
- ❑ Бұрынғы конфигурация туралы ақпарат журнал түрінде сақталғандықтан, файлды шығаруға не өзгертуге болады. Файлды бума түрінде импорттау арқылы дербес не бірнеше желілік принтер параметрлерін сақтауға болады.
- ❑ Әкімші желілік принтер конфигурацияларын қорғау үшін құпиясөзді орната алады.
- ❑ Принтерді My Device (Менің құрылғым) қолданбасында тіркеу арқылы принтер басқаруды оңайлатуға болады.
- ❑ Жергілікті желідегі принтерлер сияқты сыртқы желідегі принтерлерді де орнатуға не параметрлерін өзгертуге болады (Search Parameters (Іздеу параметрлерін) өзгерту керек).

EpsonNet Config бағдарламасын орнату

EpsonNet Config бағдарламасын орнату үшін төмендегі қадамдарды орнатыңыз.

1. Принтерді өшіріңіз.
2. Компьютерде Windows жүйесінің жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.
3. Принтер бағдарламасының CD-ROM дискісін CD-ROM жетегіне салыңыз.

Ескертпе:

- ❑ *Егер тіл таңдау үшін диалогтық терезе пайда болса, тілді таңдаңыз.*
 - ❑ *Егер EPSON орнату бағдарламасының диалогтық терезесі автоматты түрде көрсетілмесе **My Computer (Менің компьютерім)** белгішесін екі рет басыңыз, одан кейін CD-ROM белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, көрсетілген мәзірден **OPEN (Ашу)** тармағын таңдаңыз да, **InstallNavi.exe** файлы екі рет басыңыз.*
4. Лицензиялық келісім диалогтық терезесі көрсетілгенде мәлімдемені оқып шығып, **Next (Келесі)** түймесін басыңыз.

5. Принтерді таңдаңыз.
6. **EpsonNet Config** бағдарламасын таңдап, **Install (Орнату)** түймесін басыңыз.
7. Орнату процесі аяқталып болғанда **OK** түймесін басыңыз.

EPSON Printer Setting

EPSON Printer Setting қолданбасы принтердің әдепкі параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді.

Бұл құрал принтер бағдарламасының CD-ROM дискісінде бар Принтер бағдарламасының CD-ROM дискісіндегі құралды іске қосыңыз. Параметрлерді өзгерту үшін EPSON Printer Setting қатысты онлайн анықтаманы қараңыз.

Желідегі принтерді реттеу

Принтерді ортақ пайдалану

Бұл бөлімде стандартты Windows желісіндегі принтерді ортақ пайдалану жолы сипатталады.

Желідегі компьютерлер олардың біреуіне тікелей қосылған принтерді ортақ пайдалана алады. Принтерге тікелей қосылған компьютер принтер сервері болып табылса, басқа компьютерлер принтер сервері арқылы принтерді ортақ пайдалануға рұқсатты қажет ететін клиенттер болып табылады. Клиенттер принтерді принтер сервері арқылы ортақ пайдаланады.

Windows жүйесінің нұсқаларына және желіге кіру құқықтарыңызға сай принтер сервері мен клиенттердің тиісті параметрлерін орнатыңыз.

Принтер серверін орнату

“Принтерді ортақ принтер ретінде реттеу” бетте 49 тарауын қараңыз.

Клиенттерді орнату

“Клиенттерді орнату” бетте 53 тарауын қараңыз.

Ескертпе:

- ❑ *Windows XP ортақ принтеріне қосылғанда басып шығару барысында қателер мен ескерту хабарландырулары көрсетілмейді. Windows XP қызметінің 1-бумасын немесе одан кейінгі нұсқасын орнату осы мәселені шешеді.*
- ❑ *Маршрутизатордан тыс ортақ принтерге қосылғанда кейбір жағдайда маршрутизатордың параметрлеріне байланысты басып шығару барысында ортақ принтерлерге қатысты қате және ескерту хабарландыруы қолжетімді болмайды.*
- ❑ *Принтер сервері мен клиенттер бір желі жүйесіне орнатылып, параметрлерді орнатпас бұрын сол желінің басқарылу жағдайында болуы керек.*
- ❑ *Келесі беттерде көрсетілген экрандық суреттер қолданып жатқан Windows жүйесінің нұсқасына қарай өзгеше болуы мүмкін.*

Принтерді ортақ принтер ретінде реттеу**Ескертпе:**

принтер серверінің компьютеріне әкімші ретінде кіруіңіз керек.

1. Windows 8.1, 8, Server 2012 R2 немесе Server 2012:
Start (Бастай) экранындағы **Desktop (Жұмыс үстелі)** түймесін басып, жүгіртпені экранның жоғарғы оң жақ бұрышына жылжытып, **Settings (Параметрлер)**, одан кейін **Control Panel (Басқару тақтасы)** түймелерін басыңыз. Содан соң **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** санатынан **View devices and printers (Құрылғылар және принтерлерді қарау)** тармағын таңдаңыз.

Windows 7 немесе Server 2008 R2 үшін:

Start (Бастай) түймесін басып, **Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер)** тармағын таңдаңыз.

Windows Vista немесе Server 2008 үшін:

Start (Бастай) түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)**, **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)**, одан кейін **Printers (Принтерлер)** тармақтарын таңдаңыз.

Windows XP Professional немесе Server 2003 үшін:

Start (Бастай) түймесін басып, **Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар)** тармағын таңдаңыз.


2. Windows 8.1, 8, 7, Server 2012 R2, Server 2012 немесе Server 2008 R2 үшін:
Принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Printer properties (Принтер сипаттамалары)** тармағын таңдаңыз да, пайда болған диалогтық терезедегі **Sharing (Ортақ пайдалану)** қойындысын басыңыз.

Windows Vista, XP, Server 2008 немесе Server 2003 үшін:
принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, пайда болған мәзірдегі **Sharing (Ортақ пайдалану)** қойындысын басыңыз.

Windows XP үшін:


Егер мына мәзір көрсетілсе, **Network Setup Wizard** немесе **If you understand the security risks but want to share printers without running the wizard, click here.** (Қауіпсіздік тәуекелдерін түсініп, бірақ сонда да шеберді іске қоспай принтерлерді ортақ пайдаланғыңыз келсе, осы жерді басыңыз.) тармағын таңдаңыз.

Кез келген жағдайда экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



3. Windows 8.1, 8, 7, Vista, XP, Server 2012 R2, Server 2012, Server 2008 R2, Server 2008 немесе Server 2003 үшін:

Share this printer (Осы принтерді ортақ пайдалану) тармағын таңдап, Share name (Атын ортақ пайдалану) жолағына атын теріңіз де, **ОК** түймесін басыңыз.



Ескертпе:

- ❑ Ортақ принтер аты үшін бос орындарды немесе сызықшаларды пайдаланбаңыз. Кері жағдайда қате орын алуы мүмкін.
- ❑ Windows 8.1, 8, 7, Vista, Server 2012 R2, Server 2012, Server 2008 R2 немесе Server 2008 үшін **Share this printer (Осы принтерді ортақ пайдалану)** тармағын **Change sharing options (Ортақ пайдалану параметрлерін өзгерту)** түймесін басқанша таңдай алмайсыз.

Принтерді желіде қолдана алатындай клиенттік компьютерлерді орнату керек. Қосымша ақпаратты “Клиенттерді орнату” бетте 53 тарауынан қараңыз.

Қорғау жүйесі қосулы болғанда принтерді ортақ пайдалану

Ескертпе:

Windows қорғау жүйесі қосулы болғанда файлдар мен принтерлерді ортақ пайдалану үшін келесі процедураны орындаңыз.

Windows 8.1, 8, Server 2012 R2 немесе Server 2012

1. Start (Бастау) экранындағы **Desktop (Жұмыс үстелі)** түймесін басып, жүгіртпені экранның жоғарғы оң жақ бұрышына жылжытып, **Settings (Параметрлер)**, одан кейін **Control Panel (Басқару тақтасы)** түймелерін басыңыз. Содан соң **System and Security (Жүйе және қауіпсіздік)**, **Windows Firewall (Windows желіаралық дидаары)** тармақтарын таңдаңыз.

2. Сол жақтағы терезеде **Turn Windows Firewall on or off (Windows желіаралық дидаарын қосу және ажырату)** пәрменін таңдаңыз. **Block all incoming connections, including those in the list of allowed apps (Барлық, соның ішінде рұқсат етілген қолданбалар тізіміндегі кіріс байланыстарды бұғаттау)** ұяшығына белгі қойылмағанын тексеріп, **ОК** түймесін басыңыз.
3. Сол жақтағы терезеде **Allow an app or feature through Windows Firewall (Windows қорғау жүйесі арқылы қолданбаға не мүмкіндікке рұқсат ету)** пәрменін таңдаңыз.
4. **File and Printer Sharing (Файлдар мен принтерді ортақтау)** пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Windows 7 немесе Server 2008 R2

1. **Start (Бастау)** түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы), System and Security (Жүйе және қауіпсіздік)** одан кейін **Windows Firewall (Windows желіаралық дидаары)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақтағы терезеде **Turn Windows Firewall on or off (Windows желіаралық дидаарын қосу және ажырату)** пәрменін таңдаңыз. **Block all incoming connections, including those in the list of allowed programs (Кіріс қосылымдардың барлығын құрсаулау, яғни рұқсат етілген бағдарламалар тізімдегі қосылымдарды да құрсаулау)** ұяшығына белгі қойылмағанын тексеріп, **ОК** түймесін басыңыз.
3. Сол жақтағы терезеде **Allow a program or feature through Windows Firewall (Бағдарламаға немесе мүмкіндікке Windows желіаралық дидаары арқылы іске қосылуға рұқсат беру)** пәрменін таңдаңыз.
4. **Share file and printer (Файл мен принтерді ортақ пайдалану)** пәрменін таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.

Windows Vista немесе Server 2008

1. **Start (Бастау)** түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.
2. **Security (Қауіпсіздік)** тармағын таңдап, **Windows Firewall (Windows желіаралық дидаары)** тармағын **Windows Firewall (Windows желіаралық дидаары)** диалогтық терезесін ашу үшін таңдаңыз.

3. Сол жақтағы терезеде **Turn Windows Firewall on or off (Windows желіаралық дидарын қосу және ажырату)** пәрменін таңдаңыз. **User Account Control (Пайдаланушы тіркелгілерін бақылау)** диалогтық терезесі көрсетілгенде **Continue (Жалғастыру)** түймесін басыңыз.
4. **Block all incoming connections (Барлық келетін байланыстарды бөгеу)** ұяшығына белгі қойылмағанын тексеріп, **General (Жалпы)** қойындысын басыңыз.
5. **Exceptions (Қиыс жағдайлар)** қойындысын басып, **File and Printer Sharing (Файлдар мен принтерді ортақтасу)** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Windows XP немесе Server 2003

1. **Start (Бастау)** түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.
2. **Security Center (Қауіпсіздік орталығы)** тармағын таңдаңыз.
3. **Windows Firewall (Windows желіаралық дидары)** диалогтық терезесін ашу үшін **Windows Firewall (Windows желіаралық дидары)** тармағын таңдаңыз.
4. **Don't allow exceptions (Ерекшеліктерге рұқсат бермеу)** ұяшығына белгі қойылмағанын тексеріп, **General (Жалпы)** қойындысын басыңыз.
5. **Exceptions (Қиыс жағдайлар)** қойындысын басып, **File and Printer Sharing (Файлдар мен принтерді ортақтасу)** тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Клиенттерді орнату

Бұл бөлімде желідегі ортақ принтерге кіру арқылы принтер драйверін орнату жолы сипатталады.

Ескертпе:

- ☐ *Windows желісінде принтерді ортақ пайдалану үшін принтер серверін орнату керек. Қосымша ақпаратты "Принтерді ортақ принтер ретінде реттеу" бетте 49 тарауынан қараңыз.*
- ☐ *Бұл бөлімде сервер (Microsoft жұмыс тобы) арқылы стандартты желі жүйесіндегі ортақ принтерге кіру жолы сипатталады. Желі жүйесіне байланысты ортақ принтерге кіре алмаған жағдайда желілік әкімшіден көмек сұраңыз.*

- ❑ *Принтер драйверлері клиентте дұрыс орнатылмаған жағдайда оларды осы параметрлерді орындау алдында дұрыс орнатыңыз.*

1. Windows 8.1, 8, Server 2012 R2 немесе Server 2012:
Start (Бастай) экранындағы **Desktop (Жұмыс үстелі)** түймесін басып, жүгіртпені экранның жоғарғы оң жақ бұрышына жылжытып, **Settings (Параметрлер)**, одан кейін **Control Panel (Басқару тақтасы)** түймелерін басыңыз. Содан соң **Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс)** санатынан **View devices and printers (Құрылғылар және принтерлерді қарау)** тармағын таңдаңыз.

Windows 7 немесе Server 2008 R2 үшін:

Start (Бастай) түймесін басып, **Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер)** тармағын таңдаңыз.

Windows Vista немесе Server 2008 үшін:


Start (Бастай) түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы), (Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс),)** одан кейін **Printers (Принтерлер)** тармақтарын таңдаңыз.

Windows XP Professional немесе Server 2003 үшін:


Start (Бастай) түймесін басып, **Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар)** тармағын таңдаңыз.

2. Параметрлері өзгертілетін принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, **Printer properties (Принтер сипаттамалары)** (Windows 8.1, 8, 7, Server 2012 R2, Server 2012 немесе Server 2008 R2) немесе **Properties (Сипаттар)** (Windows Vista, XP, Server 2008 немесе Server 2003) тармағын басыңыз.

3. **Ports** қойындысын басып, **Add Port (Порт қосу)** пәрменін таңдаңыз.




4. **Printer Ports (Принтер порттары)** диалогтық терезесі көрсетілген **Local Port (Жергілікті порт)**, одан кейін **New Port (Жаңа порт)** тармақтарын таңдаңыз.



5. Порт атына қатысты келесі ақпаратты енгізіп, **OK** түймесін басыңыз.

\\Мақсатты принтерге қосылған компьютер аты\ортақ принтер аты



6. **Printer Ports (Принтер порттары)** диалогтық терезесіне оралған соң, **Close (Жабу)** түймесін басыңыз.
7. Порт үшін енгізілген атты қосылғанын әрі таңдалғанын тексеріп, **Close (Жабу)** түймесін басыңыз.

Басып шығарудан бас тарту

Егер басылып шыққан беттер ұнамай әрі таңбалары не кескіндері қате не бұрмаланған болса, басып шығарудан бас тарту керек болуы мүмкін. Басып шығарудан бас тарту үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Принтер түймесін пайдалану


Pause түймесін басып, орындалып жатқан басып шығару тапсырмасынан бас тарту үшін **Job Cancel** түймесін үш секундтай басыңыз.

Windows жүйесін қолдану

Тапсырмалар тақтасындағы принтер таңбашасын екі рет басыңыз.



Барлық құжаттарды басып шығарудан бас тартқанда Printer (Принтер) мәзіріндегі **Cancel All Documents (Басып шығару кезегін тазалау)** тармағын таңдаңыз.



Нақты құжаттан бас тартып жатқанда сол құжатты таңдап, Құжат мәзіріндегі **Cancel (Болдырмау)** пәрменін таңдаңыз.

Басып шығару тапсырмасы тоқтатылады.

Принтер бағдарламасын жою


Принтер драйверін қайта орнату не жаңарту қажет болғанда қазір орнатылған принтер драйверін жойыңыз.

Принтер драйвері мен қызметтік бағдарламаларды жою


1. Барлық қолданбаларды жабыңыз.
2. Windows 8.1, 8, Server 2012 R2 немесе Server 2012 үшін:
Start (Бастау) экранындағы **Desktop (Жұмыс үстелі)** түймесін басып, жүгіртпені экранның жоғарғы оң жақ бұрышына жылжытып, **Settings (Параметрлер)**, одан кейін **Control Panel (Басқару тақтасы)** түймелерін басыңыз.

Windows 7, Vista, XP, Server 2008 R2, Server 2008 немесе Server 2003 үшін:
Start (Бастау) түймесін басып, **Control Panel (Басқару тақтасы)** тармағын таңдаңыз.


3. **Uninstall a program (Бағдарламаны жою)** (Windows 8.1, 8, 7, Vista, Server 2012 R2, Server 2012, Server 2008 R2 немесе Server 2008) пәрменін таңдаңыз немесе **Add or Remove Programs (Бағдарламаларды қосу және жою)** белгішесін (Windows XP немесе Server 2003) басыңыз.



4. **EPSON Printer Software** бағдарламасын таңдап, **Uninstall/Change (Жою/Өзгерту)** пәрменін (Windows 8.1, 8, 7, Vista, Server 2012 R2, Server 2012, Server 2008 R2 немесе Server 2008) немесе **Change/Remove (Өзгерту/Жою)** пәрменін (Windows XP немесе Server 2003) таңдаңыз.



5. **Printer Model (Принтер үлгісі)** қойындысын, жойылатын принтер белгішесін, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.



Ескертпе:

- ☐ *EPSON Status Monitor 3 бағдарламасы принтер драйверімен жойылады. EPSON Status Monitor 3 бағдарламасын бөлек жою мүмкін емес.*
- ☐ *USB Replacement Service және BI Parallel Port Driver бағдарламаларын бөлек жоюға болады. Тек USB Replacement Service немесе BI Parallel Port Driver бағдарламасын жою үшін **Printer Model (Принтер үлгісі)** қойындысында ештеңе таңдалмағанын тексеріңіз. Содан соң **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын басып, **USB Replacement Service** немесе **BI Parallel Port Driver** бағдарламасын таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.*

6. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Тарау 5

Басқару тақтасы

Басқару тақтасын қолдану

Басқару тақтасындағы қарапайым әрекеттерді— мысалы, қағазды жыртып алу орнына жылжыту, бланк бету, қағазды жүктеу және шығару, басып шығару басын тазалау, басып шығару тапсырмаларынан бас тарту—басқаруға болады. Басқару тақтасының шамдары принтер күйін көрсетеді.


Басқару тақтасының түймелері мен шамдары

Ескертпе:


Шамдар қате орын алғанда жыпылықтауы мүмкін. Қосымша ақпаратты "Қате индикаторларын қолдану" бетте 64 тарауынан қараңыз.





Қытайдағы пайдаланушылар үшін

GP-C832



GP-M832



Тайвандағы пайдаланушылар үшін**GP-C830****GP-M830****Басқа пайдаланушылар үшін****GP-C830/GP-C831****GP-M830/GP-M831****1. Cover шамы**

Оң/сол жақ сия картриджінің қақпағы немесе жоғарғы қақпағы ашық болғанда жанады.

2. Сол жақ сия шамы (K)

- ☐ Сия деңгейі төмен болғанда жыпылықтайды.
- ☐ Сия картриджі ауыстыру уақытына жеткенде немесе сол жақ орнатылмаған сия картриджінің қақпағы жабық болғанда жанады.

3. Он шамы

- ☐ Принтер іске қосылғанда жанады.
- ☐ Деректер қабылдағанда әне басып шығару басын тазалаған кезде жыпылықтайды.
- ☐ Принтер **On** түймесімен өшірілгенше жылдам жыпылықтайды.

4. Он түймесі

- ☐ Принтерді іске қосады.
- ☐ Үш секундтай басылғанда принтерді өшіреді.

5. Paper шамы

- ☐ Қағаз жүктелгенде немесе бұрыс жүктелгенде жанады.
- ☐ Қағазды шығара алмағанда немесе қағаз тұрып қалғанда жыпылықтайды.

6. Тазалау түймесі

Үш секундтай басылғанда басып шығару басы тазаланады.

7. Tear Off шамы

Тай қағаз жыртып алу орнында болғанда жанады.

8. Tear Off түймесі

- ☐ Тай қағазды жыртып алу орнына жылжытады.
- ☐ Тай қағазды жыртып алу орнынан бастапқы орынға артқа қарай береді.

9. FF түймесі

Бет үзілуін кірістіреді.

10. Load/Eject түймесі

- ☐ Тай қағазды күту орнынан жүктейді.
- ☐ Тай қағазды күту орнына артқа қарай береді.

11. Pause шамы

- ☐ Принтер кідірілгенде жанады.
- ☐ Принтер Шағын реттеу режимінде болғанда жанады.

12. Pause түймесі

Басып шығаруды уақытша тоқтатып, қайта басқанда басып шығаруды жалғастырады. Үш не одан көбірек секундтай басылғанда принтер Шағын реттеу режиміне* өтеді. Қайта басылғанда принтер режимнен шығады.

13. Job Cancel түймесі

Принтер кідіріп тұрғанда үш не одан көбірек секундтай басылғанда басып шығару тапсырмасынан бас тартады.

14. Оң жақ сия шамы (Y, M, C) (GP-C830/GP-C831/GP-C832)

- ☐ Сия деңгейі төмен болғанда жыпылықтайды.
- ☐ Сия картриджі ауыстыру уақытына жеткенде немесе оң жақ орнатылмаған сия картриджінің қақпағы жабық болғанда жанады.

15. Оң жақ сия шамы (K) (GP-M830/GP-M831/GP-M832)

- ☐ Сия деңгейі төмен болғанда жыпылықтайды.
- ☐ Сия картриджі ауыстыру уақытына жеткенде немесе оң жақ орнатылмаған сия картриджінің қақпағы жабық болғанда жанады.

* Шағын реттеу режимі: **Pause** түймесін үш секундтай басып тұрғанда принтер Шағын реттеу режиміне өтеді. Бұл режимде **FF** ↓ және **Load/Eject** ↑ түймелерін бастапқы не жыртып алу орнын реттеу үшін басуға болады. Қосымша ақпаратты “Бастапқы орынды реттеу” бетте 26 тарауынан қараңыз.

Тарау 6

Ақаулықтарды жою

Қате индикаторларын қолдану

Басқару тақтасындағы шамдар арқылы көптеген ортақ ақаулықтарды анықтауға болады. Егер принтер жұмысы тоқталса, бір не бірнеше басқару тақтасының шамдары қосылса не жыпылықтаса, не болмаса принтер дыбыс шығарса, диагностикалау әрі мәселені түзету үшін төмендегі кестені қолданыңыз. Егер осы кесте арқылы мәселені түзете алмасаңыз, “Мәселелер мен олардың шешімдері” бетте 66 тарауын қараңыз.

Тақта шамының күйі	Дыбыс үлгісі	Мәселе
		Шешім
<input type="radio"/> On <input type="radio"/> Paper	●	Қағаз тартқышқа тіркелмеген немесе қағаз басып шығару кезінде қолданылған.
		Қағазды тартқышқа тіркеп, Load/Eject түймесін басыңыз.
<input type="radio"/> On <input checked="" type="radio"/> Paper	●	Қағаз толығымен жүктелмеген.
		Қағаз тұрып қалған жағдайда, оны шығарып тастаңыз. Содан соң қағазды тартқышқа қайта тіркеп, Load/Eject түймесін басыңыз.
		Қағаз толығымен шығарылмаған.
		Егер қағаз тым алыс беріліп, шығару орындалмаса, қағазды артқа қарай беру үшін Load/Eject түймесін басыңыз. Дегенмен қағаздың тұрып қалуын болдырмау үшін қағазды 558,8 мм (22 дюйм) не одан да көп қадамға артқа қарай бермеңіз. Егер шығарылатын қағаз ұзындығы 550 мм-ден (22 дюйм) ұзын болса, оны жыртып алып, Load/Eject түймесін басыңыз.
<input type="radio"/> On <input type="radio"/> Cover	-	Жоғарғы қақпақ не сия картриджінің қақпағы ашық.
		Қақпақтарды жабыңыз.

Тақта шамының күйі	Дыбыс үлгісі	Мәселе
		Шешім
○ On ○ K ▲ ○ Y ▲* ○ M ▲* ○ C ▲*	●	Сия картриджі ауыстырылу уақытына жетті.
		Сия картриджін ауыстырыңыз. Қосымша ақпаратты “Сия картриджін ауыстыру” бетте 87 тарауынан қараңыз.
	●	Сия картриджі орнатылмаған.
		Сия картриджін салыңыз. Қосымша ақпаратты “Сия картриджін ауыстыру” бетте 87 тарауынан қараңыз.
	●	Сия картриджі слотқа берік түрде орнатылмаған.
		Сия картриджін орнына «тырс» етіп тұрғанша қайтадан басыңыз.
○ On ○ K ▲ ○ Y ▲* ○ M ▲* ○ C ▲*	-	Сия деңгейі төмен.
		Ауыстырылатын сия картриджін алыңыз.
○ On ○ Cover ○ K ▲, ○ Y ▲, ○ M ▲, ○ C ▲** ○ K ▲, ○ K ▲***	-	Принтерге техникалық қызмет көрсету уақыты жақындауда.
		Білікті қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.
● On ● Cover ● K ▲, ● Y ▲, ● M ▲, ● C ▲** ● K ▲, ● K ▲***	● ● ● ● ●	Өнімге техникалық қызмет көрсету қатесі орын алды.
		Білікті қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.

Тақта шамының күйі	Дыбыс үлгісі	Мәселе
		Шешім
● On ● Cover ● Paper ● Tear Off ● Pause	● ● ● ● ●	Шешілмейтін қате орын алды. Принтерді өшіріп, тұрып қағаздың бар-жоғын тексеріңіз. Егер қағаз тұрып қалса, оны шығарып алып, принтерді іске қосыңыз. Егер шкала кірленіп қалса, оны жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. "Принтерді тазалау" бетте 118 тарауын қараңыз. Егер мәселе шешілмеген болса, принтерді өшіріп, бірнеше минуттай күте тұрыңыз да, оны қайта іске қосыңыз.

* Оң жақ қара сия шамының осы күйі GP-M830/GP-M831/GP-M832 принтері үшін көрсетілген.

** Барлық сия шамдары бір уақытта жыпылықтайды (GP-C830/GP-C831/GP-C832).

*** Екі сия шамы бір уақытта жыпылықтайды (GP-M830/GP-M831/GP-M832).

○ = қосулы, ○ = жыпылықтауда, ● = жылдам жыпылықтауда

● = Он ұзақ дыбыс

● ● ● ● ● = Бес қысқа дыбыстың бес рет шығарылуы (жиырма бес дыбыс)

Ескертпе:

Принтер Шағын реттеу режиміне өткенде не одан шыққанда бір рет дыбыс шығарады. Шағын реттеу режимінде принтер әдепкі бастапқы және жыртып алу орындарына жеткенде де бір рет дыбыс шығарады. Принтер минималды және максималды реттеу шегіне жеткенде екі рет дыбыс шығарады.

Мәселелер мен олардың шешімдері

принтермен жұмыс істеу барысында туындайтын көптеген мәселелер қарапайым жолмен шешіледі.

Қуат көзі

Қуатпен қамтамасыз етілмейді

Басқару тақтасындағы шамдар жанбай тұр.	
Себебі	Шешімі

Қуат сымы жалғанбай тұруы мүмкін.	Қуат сымының электр розеткаға дұрыс жалғанып тұрғанын тексеріңіз.
Розетка жұмыс істемеуі мүмкін.	Егер электр розетка сыртқы қосқыш не автоматты таймер арқылы басқарылса, басқа розетканы қолданыңыз. Шам сияқты басқа электр құрылғыны розеткаға жалғап, оның дұрыс жұмыс істеп тұрғанын анықтаңыз.

Басып шығару

Басып шығару немесе баспа сапасының мәселелері

Pause шамы өшірулі, бірақ ештеңе басылып жатқан жоқ.	
Себебі	Шешімі
Бағдарлама дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін.	Принтердің бағдарламасы дұрыс, яғни <i>Start Here (Осы жерден бастаңыз)</i> тарауында сипатталғандай орнатылғанын тексеріңіз. Бағдарламаның принтер параметрлерін тексеріңіз.
Байланыстырушы кабель принтер не компьютер сипаттамаларына сай келмеуі мүмкін.	Байланыстырушы кабельдің екі ұшын тексеріңіз. Кабельдің принтер мен компьютер сипаттамаларына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

<p>Принтер порты бұрыс орнатылған болуы мүмкін.</p>	<p>Windows 8.1, 8, Server 2012 R2 немесе Server 2012 үшін: Start (Бастау) экранындағы Desktop (Жұмыс үстелі) түймесін басып, жүгіртпені экранның жоғарғы оң жақ бұрышына жылжытып, Settings (Параметрлер), одан кейін Control Panel (Басқару тақтасы) түймелерін басыңыз. Содан соң Hardware and Sound (Жабдық және дыбыс) санатынан View devices and printers (Құрылғылар және принтерлерді қарау) тармағын таңдаңыз.</p> <p>Windows 7 немесе Server 2008 R2 үшін: Start (Бастау) түймесін басып, Devices and Printers (Құрылғылар мен принтерлер) тармағын таңдаңыз.</p> <p>Windows Vista, XP, Server 2008 немесе Server 2003 үшін: Start (Бастау) түймесін басып, Control Panel (Басқару тақтасы) түймесін басыңыз және Printers and Faxes (Принтерлер мен факстар) тармағын таңдаңыз.</p> <p>Қолданып жатқан принтер белгішесін тінтуірдің оң жақ түймесімен басып, Printer properties (Принтер сипаттамалары) (Windows 8.1, 8, 7, Server 2012 R2, Server 2012 немесе Server 2008 R2) немесе Properties (Сипаттар) (Windows Vista, XP, Server 2008 немесе Server 2003) тармағын басыңыз. Содан соң Ports немесе Details (Мәліметтер) қойындысын басып, тиісті портты таңдаңыз.</p>
<p>Рарер шамы қосулы, бірақ принтер он рет дыбыс шығарды.</p>	
<p>Себебі</p>	<p>Шешімі</p>
<p>Принтерде қағаз таусылуы мүмкін.</p>	<p>Принтердің ішінде қағаз жүктеңіз.</p>
<p>Принтерден оғаш шу шығады, дабыл он рет дыбыс шығарады, ал принтер жұмысын кенет тоқтатады.</p>	
<p>Себебі</p>	<p>Шешімі</p>
<p>Қағаз тұрып қалуы мүмкін.</p>	<p>Принтерді өшіріп, тұрып қағаздың бар-жоғын тексеріңіз. Егер қағаз тұрып қалса, оны шығарып алып, принтерді іске қосыңыз. Егер мәселе шешілмеген болса, принтерді өшіріп, бірнеше минуттай күте тұрыңыз да, оны қайта іске қосыңыз.</p>
<p>Дабыл бес қысқа дыбысты бес рет шығарады (жиырма бес рет), ал сия шамдарынан басқа барлық шамдар жыпылықтайды.</p>	
<p>Себебі</p>	<p>Шешімі</p>
<p>Шешілмейтін қате орын алды.</p>	<p>Принтерді өшіріп, қайта іске қосыңыз. Егер мәселе шешілмесе, тұрып қалған қағаздың бар-жоғын тексеріңіз. Егер тұрып қалған қағаз жоқ болса, делдалға не білікті қызмет көрсетушіге хабарласыңыз.</p>

Басып шығару сапасы нашарлауда	
Себебі	Шешімі
Басып шығару басының саңылаулары бітелген болуы мүмкін.	Бітеліп қалған сия саңылауларын тазалау үшін Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын іске қосыңыз. Қосымша ақпаратты "Басып шығару басын тазалау" бетте 113 тарауынан қараңыз.
Epson өндірімеген сия картридждерін қолданыңыз.	Epson түпнұсқалы сия картридждерін қолданыңыз.
Медициналық пакеттердің беті поливинил шайырдан тұрса, ылғалдылығы жоғары ортада басып шығарғанда медициналық пакеттер кірленуі мүмкін.	Ылғалдылығы 65% не одан кем болған ортада басып шығарыңыз.
Ақпарат тасығыш түріне байланысты беттер бұлыңғыр басылып шығуы мүмкін.	Бұлыңғыр болуды болдырмау үшін ақпарат тасығыш түрі үшін басып шығару тығыздығын реттеңіз. Қосымша ақпаратты "Принтер параметрлері" бетте 31 тарауынан қараңыз.
Жылжып кеткен тік сызықтар көрсетіледі.	
Себебі	Шешімі
Басып шығару басындағы бос орындар жылжып кеткен.	Print Head Alignment (Басып шығару басын туралау) қызметтік бағдарламасын іске қосыңыз. Қосымша ақпаратты "Басып шығару басын туралау" бетте 115 тарауынан қараңыз.
Қатарлас порт арқылы қосылғанда басып шығару жылдамдығы төмен.	
Себебі	Шешімі
Қатарлас байланыстырушы жоғары жылдамдықты байланыс үшін орнатылмаған.	Жоғары жылдамдықпен байланысу үшін принтер драйверімен бірге орнатылатын BI Parallel Port Driver бағдарламасын қолданыңыз. Қосымша ақпаратты "BI Parallel Port Driver" бетте 45 тарауынан қараңыз.

Басылып шыққан таңбалар күткен нәтижеге сай келмейді

Бағдарлама арқылы жіберілген тип стильдері мен таңбалар басылып шықпады.	
Себебі	Шешімі
Бағдарлама дұрыс конфигурацияланбаған болуы мүмкін.	Принтер бағдарламасының дұрыс конфигурацияланғанын тексеріңіз.

Басып шығару орнына қатысты мәселелер

Бетте тым жоғары не төмен басылып шыға бастайды немесе беттің төменгі бөлігі келесі беттің жоғарғы жағына басылып шығады.	
Себебі	Шешімі
Жоғарғы шеті мен бастапқы орын параметрлері қате.	<p>Қолданбада шет пен бастапқы орын параметрлерін тексеріп реттеңіз. Қосымша ақпаратты "Басылып шығатын аймақ" бетте 104 тарауынан қараңыз.</p> <p>Бастапқы орын параметрін Шағын реттеу функциясы арқылы да реттеуге болады. Дегенмен Windows қолданбаларында орнатылған параметрлер Шағын реттеу режимінде орнатылған параметрлерді алмастырады. Қосымша ақпаратты "Бастапқы орынды реттеу" бетте 26 тарауынан қараңыз.</p>
Бетте тым алыс оң не сол жаққа қарай басылып шыға бастайды.	
Себебі	Шешімі
Сол не оң жақ шет параметрлері қате.	<p>Қолданбада шет параметрлерін тексеріп реттеңіз. Қосымша ақпаратты "Басылып шығатын аймақ" бетте 104 тарауынан қараңыз.</p> <p>Егер параметрлер қолданбада өзгертілмесе, принтер драйверінде басып шығару орнын көлденеңінен реттеңіз. Қосымша ақпаратты "Басып шығару орнын реттеу" бетте 43 тарауынан қараңыз.</p>
Бет ұзындығы қағаз ұзындығына сай келмейді.	
Себебі	Шешімі
Қолданбада орнатылған бет ұзындығы қате.	Қолданбада орнатылған бет ұзындығын тексеріп, оны қажетінше реттеңіз.

Қағазды қолдану**Қағазды жүктеу немесе беру мәселелері**

Тартқыш қағазды бермейді.	
Себебі	Шешімі
Қағаз тартқыштан алынуы мүмкін.	Қағазды тартқышқа қайта тіркеңіз.
Қағаздың берілуіне кедергі жасалған.	Қағаздың берілуіне кабель не басқа нысанның кедергі жасап тұрмағанын тексеріңіз.

Жыртып алу орны дұрыс келтірілмеген.	
Себебі	Шешімі
Жыртып алу орнының қате орнатылған.	Шағын реттеу функциясымен жыртып алу орнын реттеңіз. Қосымша ақпаратты “Жыртып алу күйін реттеу” бетте 25 тарауынан қараңыз.
Қағаз қисық беріледі немесе тұрып қалады.	
Себебі	Шешімі
Қағаз принтерден тым алыс беріледі.	Қағаз принтерден 1 м (3 фут) қашықтықта берілетінін тексеріңіз.
Қағаздың екі жағындағы тесіктер жылжып кеткен.	Қағаздың екі жағындағы тесіктердің бір-біріне сай тураланғанын тексеріңіз. Сондай-ақ тісті доңғалақтардың құлыптанып тұрғанын және қақпақтарының жабық екенін тексеріңіз.
Принтер үшін қағаз өлшемі немесе қалыңдығы қате болуы мүмкін.	Қағаз өлшемі мен қалыңдығының көрсетілген ауқымдарға кіретінін тексеріңіз. Тай қағаз сипаттамалары туралы ақпаратты “Қағаз” бетте 101 тарауынан қараңыз.
Жұмыс істеу ортасына байланысты қағаз тұрып қалуы мүмкін.	Қағаздың тұрып қалуын болдырмау үшін принтер драйвері арқылы Silent Feed (Үнсіз беру) режимін таңдаңыз. “Принтер параметрлері” бетте 31 тарауын қараңыз.
Қағаз дұрыс шығарылмайды.	
Себебі	Шешімі
Бет тым ұзын не тым қысқа болуы мүмкін.	Берілген қағазды жыртып алып, принтерден қағазды шығарыңыз. “Қағаз” бетте 101 тарауында сипатталған нақты ұзынды ауқымына кіретін қағазды ғана қолданыңыз.

Желімен байланысты мәселелер

Байланыс қатесі орын алды.	
Себебі	Шешімі

Бірнеше пайдаланушы бір компьютерге бір уақытта кіріп отыр.	<p>Бірнеше пайдаланушы бар Windows 8.1/8/7/Vista/XP жүйесінде жаңа пайдаланушыға ауысып, алдыңғы пайдаланушы басып шығаруды әлі орындап жатқанда жаңа басып шығару тапсырмасын бастағанда байланыс қатесі орын алуы мүмкін.</p> <p>Бірінші пайдаланушының басып шығару тапсырмасы аяқталып, пайдаланушының жаңа пайдаланушыға ауысып, жаңа басып шығару тапсырмасын бастамас бұрын жүйеден шығып кеткенін тексеріңіз.</p>
---	---

Өзге мәселелер

Түрлі түсті сиялар құжаттар қара және ақ түспен басылып шыққанда да пайдаланылады (тек GP-C830/GP-C831/GP-C832).	
Себебі	Шешімі
Келесі әрекеттер барысында қара сиядан басқа түрлі түсті сиялар да қолданылады: басып шығару басын тазалау және өзін-өзі тазалау.	-

USB байланысын түзету ақаулықтары

USB байланысы арқылы принтерді қолданғанда қиыншылықтар туындаса, осы бөлімдегі ақпараты оқып шығыңыз.

Компьютердің Windows 8.1, 8, 7, Vista, XP немесе 2000 алдын ала орнатылған үлгіге жататынын тексеріңіз

Компьютер Windows 8.1, 8, 7, Vista, XP немесе 2000 алдын ала орнатылған үлгіге жатуы керек. USB порты жоқ немесе Windows 95 жүйесінен Windows XP, Me, 98 немесе 2000 жүйесіне жаңартылған компьютерде USB принтер драйверін орната не іске қоса алмауыңыз мүмкін.

Компьютер туралы толық мәліметті алу үшін делдалға хабарласыңыз.

Принтер USB кабелімен дұрыс істемей тұр.

Егер принтер USB кабелімен дұрыс жұмыс істемесе, мына шешімдердің бірін не бірнешеуін қолданып көріңіз:

- ☐ Қолданып жатқан кабельдің стандартты әрі экрандық USB кабелі екенін тексеріңіз.
- ☐ Егер USB хабын қолдансаңыз, принтерді хабтың бірінші ұшығына жалғаңыз немесе принтерді тікелей компьютердің USB портына қосыңыз.

Тұрып қалған қағаздарды алу

Тұрып қалған қағазды алу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.



Абай болыңыз:

Тұрып қалған қағазды ақырын тартып алыңыз. Егер тұрып қалған қағазды күш жұмсап алсаңыз, қалдықтары принтердің ішінде қалып қойып, оны зақымдауы мүмкін.

принтер қатені анықтап, басып шығаруды тоқтатқанда:

1. Қағаздың басылып шыққан бөлігін жыртып алыңыз.
2. Екі тісті доңғалақтың қақпақтарын ашыңыз.
3. Қақпақты алып тастаңыз. Тай қағазды принтерден тыс алға не артқа қарай тартыңыз.

Ескертпе:

Қағазды принтерден шығару үшін оны түзу тартыңыз.

4. Жоғарғы қақпақты ашып, қағаздың қалып қоймағанын тексеріңіз.
5. Тай қағазды тартқышқа тіркеңіз. “Тай қағазда басып шығару” бетте 17 тарауын қараңыз.
6. Принтерді өшіріп, қайта іске қосыңыз.
7. Беттердің қайсысы дұрыс басылып шықпағанын анықтап, оларды қайта басып шығарыңыз.

Принтер қатені анықтағанша пайдаланушы тұрып қалған қағазды тапқанда:

1. Басып шығаруды тоқтату үшін **Pause** түймесін басыңыз.
2. **Tear Off** және **FF** түймелерін үш секундтай басып тұрыңыз. Тұрып қалған қағазды алыңыз.
3. Қағаздың басылып шыққан бөлігін жыртып алыңыз.
4. Екі тісті доңғалақтың қақпақтарын ашыңыз.
5. Қақпақты алып тастаңыз. Тай қағазды принтерден тыс алға не артқа қарай тартыңыз.

Ескертпе:

Қағазды принтерден шығару үшін оны түзу тартыңыз.

6. Жоғарғы қақпақты ашып, қағаздың қалып қоймағанын тексеріңіз.
7. Тай қағазды тартқышқа тіркеңіз. “Тай қағазда басып шығару” бетте 17 тарауын қараңыз.
8. Басып шығарудан бас тарту үшін **Job Cancel** түймесін басыңыз.
9. Басып шығаруды қайта бастау үшін **Pause** түймесін басыңыз.
10. Беттердің қайсысы басылып шықпағанын анықтап, оларды қайта басып шығарыңыз.

Тарау 7

Анықтама алу көздері

Техникалық қолдау қызметінің веб-сайты

Epson техникалық қолдау көрсету қызметінің веб-сайты өнімнің құжаттамасындағы ақаулықтарды жоюға қатысты мәлімет арқылы шешілмейтін ақауларға бойынша анықтаманы береді. Веб-браузер бар болса және интернетке шыға алсаңыз, келесі сайтқа кіріңіз:

<http://support.epson.net/>

Соңғы драйверлер қажет болса, ЖҚС, нұсқаулықтар немесе басқа жүктеп алуға болатын құралдар мен ақпарат қажет болса, келесі сайтқа кіріңіз:

<http://www.epson.com>

Содан соң жергілікті Epson сайтының қолдау көрсету бөлімін таңдаңыз.

Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласу

Epson компаниясына хабарласу алдында

Егер Epson өнімі дұрыс жұмыс жасамаса және өнім құжатындағы ақауды жоюға қатысты мәлімет арқылы ақауды шеше алмасаңыз, көмек алу үшін Epson қолдау көрсету қызметтеріне хабарласыңыз. Төменде сіздің аумағыңызға арналған қолдау көрсету қызметі көрсетілмеген болса, өнімді сатып алған делдалға хабарласыңыз.

Келесі мәліметті берсеңіз, қолдау көрсету қызметі сізге анағұрлым тез көмектесе алады:

- ☐ Өнімнің сериялық нөмірі
(Сериялық нөмір жапсырмасы әдетте өнімнің артқы жағында болады.)
- ☐ Өнім үлгісі

- ☐ Өнімге арналған бағдарлама нұсқасы
(Өнімге арналған бағдарламада **About (Бағдарлама туралы), Version Info (Нұсқа туралы ақпарат)** немесе соған ұқсас түймені басыңыз.)
- ☐ Компьютердің бренді мен үлгісі
- ☐ Компьютердің амалдық жүйесінің аты мен нұсқасы
- ☐ Әдетте өніммен бірге қолданатын бағдарламалық қолданбалардың аттары мен нұсқалары

Австралиядағы пайдаланушыларға арналған анықтама

EpsonAustralia сізге жоғары деңгейлі тұтынушы қызметін ұсынғысы келеді. Өнім құжаттамасына қоса, біз ақпарат алу үшін мына көздерді береміз:

Делдал

Делдал әдетте мәселелерді анықтап, шешуге атсалыса алатынын ұмытпаңыз. Мәселелер бойынша кеңес алу үшін алдымен үнемі делдалға қоңырау шалу қажет; олар әдетте мәселелерді жылдам және оңай анықтай, әрі орындалатын келесі қадам бойынша кеңес бере алады.

Интернеттегі URL мекенжайы <http://www.epson.com.au>

EpsonAustralia веб-беттеріне кіріңіз. Кейде шарлау үшін модемді осы жерге жөнелткен жөн! Сайт драйверлер, Epson жауапты тұлғалары, жаңа өнім ақпараты және техникалық қолдау (электрондық пошта) үшін жүктеп алу аумағын ұсынады.

Epson Анықтама беру қызметі

Клиенттеріміз кеңес алу үшін Epson Анықтама беру қызметін ақырғы көмек орны ретінде ұсынамыз. Анықтама беру қызметінің операторлары сізге Epson өнімін орнатуға, теңшеуге және пайдалануға көмектесе алады. Сатылым алдында Анықтама беру қызметі ұжымы жаңа Epson өнімдері туралы әдебиетті бере алады және ең жақын делдалдың немесе қызметтің орналасқан мекенжайын айтады. Сұраулардың көбісіне осы жерде жауап беріледі.

Анықтама беру қызметінің нөмірлері:

Телефон: 1300 361 054

Факс: (02) 8899 3789

Қоңырау шалған кезде барлық қатысты ақпарат қолыңызда болуын сұраймыз. Неғұрлым көп ақпарат дайындайсыз, соғұрлым жылдам мәселе шешімін табуға көмектесеміз. Бұл ақпарат Epson өнімінің құжаттамасын, компьютер түрін, амалдық жүйені, бағдарламаларды және қажет деп есептейтін кез келген ақпаратты қамтиды.

Сингапурдағы пайдаланушыларға арналған анықтама

Epson Singapore сайтында қолжетімді ақпарат көздері, қолдау, қызметтер:

Веб-сайт (<http://www.epson.com.sg>)

Өнім сипаттамалары туралы ақпарат, жүктеп алуға болатын драйверлер, жиі қойылатын сұрақтар (ЖҚС), сату бойынша сұраулар мен электрондық пошта арқылы алынатын техникалық қолдау қолжетімді.

Тайландтағы пайдаланушыларға арналған анықтама

Ақпарат, қолдау және қызметтер алу үшін мына мекенжайға хабарласыңыз:

Веб-сайт (<http://www.epson.co.th>)

Өнім сипаттамалары туралы ақпарат, жүктеп алуға болатын драйверлер, жиі қойылатын сұрақтар (ЖҚС) мен электрондық пошта арқылы алынатын техникалық қолдау қолжетімді.

Индонезиядағы пайдаланушыларға арналған анықтама

Ақпарат, қолдау және қызметтер алу үшін мына мекенжайға хабарласыңыз:

Веб-сайт (<http://www.epson.co.id>)

- ☐ Өнім сипаттамалары туралы ақпарат, жүктеп алуға болатын драйверлер
- ☐ Жиі қойылатын сұрақтар (ЖҚС), сату бойынша сұраулар, электрондық пошта арқылы қойылатын сұрақтар

Гонконгтағы пайдаланушылар үшін

Техникалық қолдау және басқа сатып алғаннан кейін көрсетілетін қызметтер алу үшін пайдаланушылар Epson Hong Kong Limited компаниясына хабарласа алады.

Интернеттегі басты бет

Epson Hong Kong бөлімшесі пайдаланушылар үшін келесі ақпаратты ұсыну үшін интернетте қытай және ағылшын тілдерінде жергілікті басты бетті орнатты:

- ☐ Өнім туралы ақпарат
- ☐ Жиі қойылатын сұрақтарға (ЖҚС) жауаптар
- ☐ Epson өнім драйверлерінің соңғы нұсқалары

Пайдаланушылар мына мекенжай арқылы басты бетке кіре алады:

<http://www.epson.com.hk>

Малайзиядағы пайдаланушыларға арналған анықтама

Ақпарат, қолдау және қызметтер алу үшін мына мекенжайға хабарласыңыз:

Веб-сайт (<http://www.epson.com.my>)

- ☐ Өнім сипаттамалары туралы ақпарат, жүктеп алуға болатын драйверлер
- ☐ Жиі қойылатын сұрақтар (ЖҚС), сату бойынша сұраулар, электрондық пошта арқылы қойылатын сұрақтар

Үндістандағы пайдаланушыларға арналған анықтама

Ақпарат, қолдау және қызметтер алу үшін мына мекенжайға хабарласыңыз:

Веб-сайт (<http://www.epson.co.in>)

Өнім сипаттамалары туралы ақпарат, жүктеп алуға болатын драйверлер және өнімдер бойынша сұраулар қолжетімді.

Филиппиндегі пайдаланушыларға арналған анықтама

Техникалық қолдау және басқа сатып алғаннан кейін көрсетілетін қызметтер алу үшін пайдаланушылар Epson Philippines Corporation компаниясына хабарласа алады.

Веб-сайт (<http://www.epson.com.ph>)

Өнім сипаттамалары туралы ақпарат, жүктеп алуға болатын драйверлер, жиі қойылатын сұрақтар (ЖҚС) мен электрондық пошта арқылы қойылатын сұраулар қолжетімді.

Еуропадағы тұтынушыларға арналған анықтама

Epson қолдау көрсету қызметіне хабарласу бойынша мәлімет алу үшін **Pan-European Warranty Document (Жалпы еуропалық кепілдеме құжатын)** қараңыз.

Солтүстік Америкадағы пайдаланушыларға арналған анықтама

Epson компаниясы төменде тізілген техникалық қолдау қызметтерін ұсынады.

Интернет арқылы қолдау

Принтерге қатысты ортақ мәселелердің шешімдерін алу үшін Epson қолдау көрсету қызметінің сайтына кіріңіз (АҚШ не Канада). Драйверлер мен құжаттаманы жүктеп алуға, ЖҚС және ақаулықтарды жою бойынша кеңестер алуға немесе сұрақтарды Epson электрондық пошта мекенжайына жіберуге болады.

Қолдау көрсетуші өкілмен сөйлесу

Қолдау алу үшін Epson компаниясына қоңырау шалу алдында мына мәліметті дайындап қоюыңызды сұраймыз:

- ☐ Өнім аты
- ☐ Өнімнің сериялық нөмірі (өнімнің артқы жағында орналасқан)
- ☐ Сатып алу дәлелдемесі (мысалы, дүкен берген чек) және сатып алған күні
- ☐ Компьютер конфигурациясы

- ❑ Мәселе сипаттамасы

Содан кейін қоңырау шалыңыз:

- ❑ АҚШ: (562) 290-4322, Дүйсенбі - Жұма сағ. 06.00 - 20.00 (Тынық мұхит уақыты) және Сенбі сағ. 07.00-16.00.
- ❑ Канада: (905) 709-2567, Дүйсенбі - Жұма сағ. 06.00 - 18.00 (Тынық мұхит уақыты).

Қолдау көрсету күндері мен уақыты ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Халықаралық қоңыраулар үшін ақы алынуы мүмкін.

Керек-жарақтар мен аксессуарларды сатып алу

Epson таспаларын <http://www.epson.com> (АҚШ-сатылады) немесе <http://www.epson.ca> (Канадада сатылады) сайтынан сатып алуға болады. Керек-жарақтарды уәкілетті Epson сауда делдалынан сатып алуға болады. Ең жақынын табу үшін 800-GO-EPSON (800-463-7766) нөміріне қоңырау шалыңыз.

Латын Америкасындағы пайдаланушыларға арналған анықтама

Epson компаниясы төменде тізілген техникалық қолдау қызметтерін ұсынады.

Интернет арқылы қолдау

Принтерге қатысты ортақ мәселелердің шешімдерін алу үшін Epson қолдау көрсету қызметінің сайтына кіріңіз. Драйверлер мен құжаттаманы жүктеп алуға, ЖҚС және ақаулықтарды жою бойынша кеңестер алуға немесе сұрақтарды Epson электрондық пошта мекенжайына жіберуге болады.

Қолдау көрсетуші өкілмен сөйлесу

Қолдау алу үшін Epson компаниясына қоңырау шалу алдында мына мәліметті дайындап қоюыңызды сұраймыз:

- ❑ Өнім аты
- ❑ Өнімнің сериялық нөмірі (өнімнің артқы жағында орналасқан)
- ❑ Сатып алу дәлелдемесі (мысалы, дүкен берген чек) және сатып алған күні
- ❑ Компьютер конфигурациясы

❑ Мәселе сипаттамасы

Содан кейін қоңырау шалыңыз:

Ел		Телефон
Аргентина		(54 11) 5167-0300
Бразилия		0800-880-0094
Боливия*		800-100-116
Чили		(56 2) 484-3400
Колумбия		(57 1) 523-5000
Коста-Рика		800-377-6627
Доминикан Республикасы*		1-888-760-0068
Эквадор*		1-800-000-044
Сальвадор*		800-6570
Гватемала*		1-800-835-0358
Гондурас**		800-0122 Код: 8320
Мексика	Мехико Басқа қалалар	(52 55) 1323-2052 01-800-087-1080
Никарагуа*		00-1-800-226-3068
Панама*		00-800-052-1376
Перу	Лима Басқа қалалар	(51 1) 418-0210 0800-10126
Уругвай		00040-5210067
Венесуэла		(58 212) 240-1111

* Ұялы телефоннан осы тегін нөмірге қоңырау шалу үшін жергілікті телефондық компанияға хабарласыңыз.

** Бірінші 7 санды теріп, хабарды күте тұрыңыз да, кодты енгізіңіз.

Егер еліңіз тізімде жоқ болса, Epson компаниясының ең жақын кеңсесіне хабарласыңыз. Жергілікті не халықаралық қоңыраулар үшін қосымша ақы алынуы мүмкін.

Керек-жарақтар мен аксессуарларды сатып алу

Түпнұсқалы Epson таспаларды уәкілетті Epson сауда делдалынан сатып алуға болады. Ең жақын сауда делдалын табу үшін жоғарыда сипатталғандай Epson компаниясына хабарласыңыз.

Тарау 8

Тұтынушы тауарлары

Сия картридждерін ауыстыру

Түпнұсқалы Epson сия картридждері

Сия картридждерінің кез келгенін ауыстыру талап етілгенде басып шығара алмайсыз. Түпнұсқалы Epson сия картридждері Epson принтерімен дұрыс жұмыс үшін арналған әрі өндірілген. Олар басып шығару басы мен принтердің басқа бөлшектерінің дұрыс жұмысы мен ұзақ мерзімін қамтамасыз етеді. Epson өндірімеген басқа өнімдер принтерге Epson кепілдігі қамтымайтын зақым келтіруі мүмкін.

Принтер келесі сия картридждерін пайдаланады:


	GP-C830	GP-M830	GP-C831	GP-M831	GP-C832	GP-M832
Black (Қара)	GJIC4(K) S020559	GJIC4(K) S020559	GJIC5(K) S020563	GJIC5(K) S020563	GJIC6(K) S020567	GJIC6(K) S020567
Cyan (Көкшіл)	GJIC4(C) S020560	-	GJIC5(C) S020564	-	GJIC6(C) S020568	-
Magenta (Қызылкүрең)	GJIC4(M) S020561	-	GJIC5(M) S020565	-	GJIC6(M) S020569	-
Yellow (Сары)	GJIC4(Y) S020562	-	GJIC5(Y) S020566	-	GJIC6(Y) S020570	-

Сия картриджінің күйін тексеру

Сия картриджінің күйін тексеру үшін мына әрекеттердің біреуін орындаңыз:

- ☐ Тапсырмалар тақтасындағы принтер таңбашасын екі рет басыңыз. Тапсырмалар тақтасына таңбаша қосу үшін “EPSON Status Monitor 3 қолданбасын реттеу” бетте 35 тарауын қараңыз.

- ❑ Принтер драйверін ашып, **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын, сосын **EPSON Status Monitor 3** түймесін нұқыңыз.



Графика сия картриджінің күйін көрсетеді.



Ескертпе:

Егер принтерде орнатылған кез келген сия картриджі сынса, принтер үлгісімен үйлесімсіз болса немесе бұрыс орнатылса, EPSON Status Monitor 3 бағдарламасы сия картриджінің күйін дәл көрсетпейді. Кез келген сия картриджін EPSON Status Monitor 3 бағдарламасы көрсеткендей міндетті түрде ауыстырыңыз немесе қайта салыңыз.

- ❑ Басып шығару тапсырмасын бастағанда жұмыс барысының көрсеткіші автоматты түрде пайда болады.



Ескертпе:

Жұмыс барысының көрсеткіші автоматты түрде көрсету үшін принтер драйверінің терезесіндегі **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын басып, **Other Config (Басқа конфигурация)** тармағын таңдап, **Show Progress Meter (Жұмыс барысының көрсеткішін көрсету)** ұяшығына белгі қойыңыз.

Сия картриджін ауыстыру бойынша сақтық шаралары

Сия картридждерін ауыстыру алдында осы бөлімдегі нұсқаулардың барлығын оқып шығыңыз.

- ❑ Бұл өнім әрбір картридж пайдаланған сия мөлшерін бақылайтын IC чипімен жабдықталған сия картридждерін пайдаланады. Картридждерді алып, орнына қайта салған жағдайда да қолдануға болады. Дегенмен картридждерді салған сайын сия шамалы жұмсалады, себебі өнім автоматты түрде олардың сенімділігін тексереді.

- ❑ Сия беру портындағы клапан ағып кетуге ықтимал артық сияны ұстап қалатындай жасалған. Дегенмен қолданғанда сақ болуға кеңес береміз. Сия картриджінің беру портын немесе оның айналасын қолмен ұстамаңыз.
- ❑ Сия келесі әрекеттер кезінде жұмсалады: сия картриджін алғаш рет орнатқанда, басып шығару басын тазалағанда және автоматты тазалау орындалып тұрғанда сия толтырылады.
- ❑ Сияны максималды тиімді қолдану үшін ауыстыруға дайын болғанда ғана сия картриджін алып тастаңыз.
- ❑ Сия картридждерін қайта толтырмаңыз. Epson өндірімеген басқа өнімдер Epson кепілдігі қамтымайтын зақым келтіруі мүмкін және нақты жағдайларда өнімнің оғаш жұмысына себеп болуы мүмкін.
- ❑ Сия картридждерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және сияны ішпеңіз.
- ❑ Пайдаланылған сия картридждерін қолданған кезде абай болыңыз, себебі сияны беру портының айналасында сия болуы мүмкін. Сия теріге тиіп кетсе, тиген аумақты сабын және сумен жақсылап жуыңыз. Сия көзіңізге тиіп кетсе, оларды бірден сумен шайыңыз. Жақсылап шайғаннан кейін ыңғайсыздық немесе көруге қатысты шағымдарыңыз болса, бірден дәрігерге көрініңіз.
- ❑ Epson компаниясы түпнұсқалы Epson сия картридждерін пайдалануға кеңес береді. Түпнұсқалы емес сияны пайдалану Epson кепілдіктері қамтымайтын зақымға әкелуі және нақты жағдайларда өнімнің оғаш жұмысына себеп болуы мүмкін. Epson компаниясы түпнұсқалы емес сияның сапасына немесе сенімділігіне кепілдік бере алмайды. Сия картриджінің күйі түпнұсқалы емес сия қолданылғанда көрсетілмейді.
- ❑ Өнімге орнатуға дайын болғанша сия картриджінің бумасын ашпаңыз.
- ❑ Сия картридждерін принтерге орнатқан соң алты ай ішінде қолданыңыз.
- ❑ Ескі картриджді жаңасын алғанша өнімнің ішінде қалдырыңыз; кері жағдайда басып шығару басының саңылауларында қалған сия құрғап кетуі мүмкін.
- ❑ Сия картридждері ауыстыру уақытына жеткен жағдайда, тіпті басқа картридждерде сия бар болса да, басып шығаруды жалғастыра алмайсыз. Басып шығару алдында қолданылған картриджді ауыстырыңыз.
- ❑ Сия толтырылып жатқанда (Оп шамы жыпылықтағанда) өнімді өшірмеңіз немесе сия картриджінің қақпағын ашпаңыз. Қақпақтарды ашқанда сия қайта толтырып, шамадан артық жұмсалуы мүмкін. Сондай-ақ қалыпты басып шығару үзілуі мүмкін.

- ❑ Егер сия картриджі дұрыс орнатылған жағдайда да танылмаған болса, жасыл түсті ІС чипі кірленуі мүмкін. Картриджді шығарып, ІС чипін жұмсақ шүберекпен сүртіңіз де, орнына қайта орнатыңыз.
- ❑ Өнімнің түстерді реттеу мүмкіндігі түпнұсқалы Epson сия картридждеріннің қолданысына негізделеді. Түпнұсқалы емес сия картридждерін қолданғанда басып шығару сапасын нашарлатып, өнім жұмысының өнімділігі оңтайлы болмауы мүмкін.
- ❑ Сия шамы жыпылықтап не жанып тұрғанда, бұл сия картриджінің дұрыс орнатылмағанын білдіреді. Оның дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
- ❑ Сия картриджін орнатқан басып шығару қалыпты болмаса, **Cleaning** түймесін үш секундтай басыңыз. Егер бұл мәселені шешпесе, процесті бір не екі рет қайталаңыз.
- ❑ Принтер **On** түймесін қолданып өшірілгенде басып шығару басы сияның құрғап кетпеу мақсатында автоматты түрде жабылады. Сия картридждерін орнатқан соң принтерді қолданбаған жағдайда принтердің **On** түймесін қолданып өшірілгенін тексеріңіз. Қуат қосулы болғанда қуат сымын ажыратып, автоматты өшіру құралын өшірмеңіз.
- ❑ Сия картридждерін орнатқан соң принтерді жылжытқанда не тасымалдағанда сия картридждерін өз орнында қалдырыңыз.
- ❑ Басып шығару барысында ішінде сиясы көбірек қалған қара түсті сия картриджі қолданылады (тек GP-M830/GP-M831/GP-M832).
- ❑ Қара түсті сия картриджі ауыстырылу уақытына жеткен кезде басып шығара алмайсыз (тек GP-M830/GP-M831/GP-M832),

Сия картриджін ауыстыру

Ескертпе:

- ❑ Өнімге орнатуға дайын болғанша сия картриджінің бумасын ашпаңыз.
- ❑ Әр сия картриджінің күйін растау үшін "Сия картриджінің күйін тексеру" бетте 83 тарауын қараңыз.

Бұл кестеде сия шамдарының күйі және қажетті әрекеттер сипатталған.

Шамдар	Әрекет
○	Сия деңгейі төмен. Ауыстырылатын сия картриджін алыңыз.

○	Сия картриджі ауыстырылу уақытына жетті. Сия картриджін ауыстырыңыз.
---	--

○ : жыпылықтауда ○ : қосулы

\сия картриджін ауыстыру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.




Абай болыңыз:

Картриджді басқасына ауыстырылуға дайын болғанша өнімнің ішінен шығармаңыз.

Ескертпе:


- ❑ Суреттерде сол жақтағы сия ұяшығының қара түсті сия картриджін ауыстыру жолы көрсетілген, бірақ барлық картридждер үшін нұсқаулар бірдей.
 - ❑ Сия картриджін GP-C830/GP-C831/GP-C832 принтеріне орнатылғанда картридж түсінің принтерге жабыстырылған заттаңба түсіне сәйкес келетінін тексеріңіз.
1. Оп шамы қосылып, бірақ жыпылықтап тұрмағанын тексеріңіз.
 2. Сия картриджінің қақпағын ашыңыз.




Ескертпе:

Сия картриджін шығармас бұрын төрт не одан көбірек секундтай күте тұрыңыз. Кері жағдайда сия шашырап кетуі мүмкін.


3. Қолданылған картридж сәл ырғып шығатындай, оны басыңыз.



4. Қолданылған картриджді тура ұяшығынан абайлап тартыңыз. Оны тиісті түрде кәдеге жаратыңыз.



5. Үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін жаңа сия картриджін төрт не бес рет шайқаңыз.




6. Жаңа сия картриджін бумасынан шығарыңыз.




Абай болыңыз:

- ❑ Картридж бүйіріндегі жасыл түсті ІС чипін қолмен ұстамаңыз. Олай істеген жағдайда сия картриджін зақымдауы мүмкін.




- ❑ Ескі картриджді шығарған соң жаңасын әрқашан дереу орнатыңыз. Сия бұрыс орнатылған жағдайда басып шығара алмауыңыз мүмкін.
- ❑ Сия картриджін қайта толтырмаңыз. Epson өндірмеген басқа өнімдер Epson кепілдігі қамтымайтын зақым келтіруі мүмкін және нақты жағдайларда өнімнің оғаш жұмысына себеп болуы мүмкін.

7. Жаңа сия картриджін ұяшыққа орналастырыңыз. Содан соң сия картриджін орнына «тырс» етіп тұрғанша басыңыз.




8. Сия картриджінің қақпағын жабыңыз.




Тарау 9

Өнім туралы ақпарат

Принтер бөліктері



- a. жоғарғы қақпақ
- b. басқару тақтасы
- c. сия картриджінің қақпағы (сол)
- d. шығыс науа
- e. сия картриджінің қақпағы (оң)



- a. ортадағы қағаз ұстағышы*
- b. қағаз датчигі

- c. тісті доңғалақтар*
- d. коннектор қақпағы
- e. аша
- f. USB байланыстырушы коннекторы
- g. қатарлас байланыстырушы коннектор
- h. Ethernet байланыстырушы коннекторы
- i. кабель ұстағыштары
- * тартқыш бөліктері

Принтердің техникалық сипаттамалары

Механикалық

Басып шығару әдісі:	Сериялық сорғалап ағатын сия	
Басып шығару жылдамдығы:	Баспа сапасы:	450 таңба/сек
	Super Draft (Тамаша нобай)/	
	Draft (Жоба жазба)	
	Баспа сапасы:	360 таңба/сек
	Normal (Қарапайым)/	
	Fine (Анық)	
	Баспа сапасы:	200 таңба/сек
	Extra Fine 1 (Аса жақсы 1)/	
	Extra Fine 2 (Аса жақсы 2)/	
	Extra Fine 3 (Аса жақсы 3)	

Басып шығару бағыты:	Екі бағытты, бір бағытты	
Басылып шығатын бағандар:	80 баған (1 дюймге 10)	
Ажыратымдылығы:	Баспа сапасы:	360 × 360 нүкте/дюйм
	Super Draft (Тамаша нобай)/	
	Draft (Жоба жазба)/	
	Normal (Қарапайым)	
	Баспа сапасы:	360 × 720 нүкте/дюйм
	Fine (Анық)	
	Баспа сапасы:	720 × 720 нүкте/дюйм
	Extra Fine 1 (Аса жақсы 1)/	
	Extra Fine 2 (Аса жақсы 2)	
	Баспа сапасы:	5760 × 1440 нүкте/дюйм
	Extra Fine 3 (Аса жақсы 3)	
Беру әдісі:	Итеруші құрылғы арқылы беру (қағазды артқы жағынын енгізу)	
Беруші құрылғы:	Артқы итеруші құрылғы	
Қағаз беру жылдамдығы:	Қалыпты режим:	
	Үзік	1 дюймдік жолдар аралығында 25,4 мм / сызық
	Үздіксіз беру	381 мм/секунд (15 дюйм/секунд)
Сенімділігі:	Жалпы баспа көлемі	0,6 миллион парақ*
	* Басып шығару шарттары	
	Қағаз өлшемі: 241,3 × 279,4 мм (9,5 × 11 дюйм)	
	Басып шығару режимі: нобай (жай қағаз)	
	Басып шығару үлгісі: ISO24734	

Өлшемдер мен салмағы:	Биіктігі	224 мм (8,82 дюйм)
	Ені	464 мм (18,27 дюйм)
	Тереңдігі	465 мм (18,3 дюйм)
	Салмағы	Шамамен 12,2 кг (26,9 фунт) (сия картридждерінсіз)
Сия картридждері:	Түс: GP-C830/GP-C831/ GP-C832	Black (Қара), Yellow (Сары), Magenta (Қызылкүрең), Cyan (Көкшіл)
	Түс: GP-M830/ GP-M831/GP-M832	Black (Қара)
	Картридждің жарамдылық мерзімі	Принтерге орнатылған соң 6 ай ішінде қолданыңыз.
	Температура	Жұмысы: 10 — 35 °C (50 — 95 °F)

Электрондық



Абай болыңыз:

Ethernet кабелі үшін CAT5e экрандауымен кабельді қолданыңыз.

Интерфейстер:	Бір стандартты екі бағытты, 8 биттік, IEEE-1284 қыршу режимі мен жоғары жылдамдықты байланыс қолдауы бар қатарлас интерфейс, бір USB2.0 (жоғары жылдамдықты) интерфейс және 100BASE-TX/10BASE-T интерфейс.
Буфер:	64 КБ не одан да көп

Кірістірілген
қаріптер:

Үндістандағы пайдаланушылар үшін

Нүктелік сурет қаріптері:

EPSON Draft 10, 12, 15 таңба/дюйм
EPSON Roman 10, 12, 15 таңба/дюйм,
пропорционалды
EPSON Sans Serif 10, 12, 15 таңба/дюйм,
пропорционалды
EPSON Courier 10, 12, 15 таңба/дюйм
EPSON Prestige 10, 12 таңба/дюйм
EPSON Script 10 таңба/дюйм
EPSON OCR-B 10 таңба/дюйм
EPSON Orator 10 таңба/дюйм
EPSON Orator-S 10 таңба/дюйм
EPSON Script C пропорционалды

Үнді қаріптер^{*1}:

CDAC Деванагари пропорционалды^{*2}
CDAC Бенгал пропорционалды^{*2}
CDAC Тамил пропорционалды^{*2}
CDAC Телугу пропорционалды^{*2}
CDAC Ассам пропорционалды^{*2}
CDAC Ория пропорционалды^{*2}
CDAC Каннада пропорционалды^{*2}
CDAC Малаялам пропорционалды^{*2}
CDAC Гуджарати пропорционалды^{*2}
CDAC Панжаб пропорционалды^{*2}

^{*1} Бұл қаріптер тек үндістандық үлгі үшін қолжетімді.

^{*2} Әр қаріптің екі өлшемі (14 нүкте және 10,5 нүкте)
мен екі сапасы бар (LQ және Draft).

Ұлғайтылатын қаріптер:

EPSON Roman 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
EPSON Sans Serif 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
EPSON Roman T 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
EPSON Sans Serif H 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)

Штрих-код қаріптері:

EAN-13, EAN-8, кезекпен 5 ішінен 2, UPC-A, UPC-E,
39-код, 128-код, POSTNET

Таиландағы пайдаланушылар үшін

Нүктелік сурет қаріптері:

EPSON Draft 10, 12, 15 таңба/дюйм
EPSON Roman 10, 12, 15 таңба/дюйм,
пропорционалды
EPSON Sans Serif 10, 12, 15 таңба/дюйм,
пропорционалды
EPSON Courier 10, 12, 15 таңба/дюйм
EPSON Prestige 10, 12 таңба/дюйм
EPSON Script 10 таңба/дюйм
EPSON OCR-B 10 таңба/дюйм
EPSON Orator 10 таңба/дюйм
EPSON Orator-S 10 таңба/дюйм
EPSON Script C пропорционалды

Ұлғайтылатын қаріптер:

EPSON Roman 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
EPSON Sans Serif 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
EPSON Roman T 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
EPSON Sans Serif H 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
SV Busaba 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)*¹
SV Jittra 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)*¹

Штрих-код қаріптері:

EAN-13, EAN-8, кезекпен 5 ішінен 2, UPC-A, UPC-E
39-код, 128-код, POSTNET

*¹ Бұл қаріптер тек тай үлгісі үшін қолжетімді.

Тайвандағы пайдаланушылар үшін

Нүктелік сурет қаріптері:

EPSON Draft 10, 12, 15 таңба/дюйм
EPSON Roman 10, 12, 15 таңба/дюйм,
пропорционалды
EPSON Sans Serif 10, 12, 15 таңба/дюйм,
пропорционалды
EPSON Courier 10, 12, 15 таңба/дюйм
EPSON Prestige 10, 12 таңба/дюйм
EPSON Script 10 таңба/дюйм
EPSON OCR-B 10 таңба/дюйм

Дәстүрлі қытай қаріптері:

宋體
黑體
楷體
隸書

Ұлғайтылатын қаріптер:

EPSON Roman 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
EPSON Sans Serif 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
EPSON Roman T 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
EPSON Sans Serif H 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)

Штрих-код қаріптері:

EAN-13, EAN-8, кезекпен 5 ішінен 2, UPC-A, UPC-E,
39-код, 128-код, POSTNET

Қытайдағы пайдаланушылар үшін

Нүктелік сурет қаріптері:

EPSON Draft 10, 12, 15 таңба/дюйм

EPSON Roman 10, 12, 15 таңба/дюйм,
пропорционалды

EPSON Sans Serif 10, 12, 15 таңба/дюйм,
пропорционалды

EPSON OCR-B 10 таңба/дюйм

Жеңілдетілген қытай қаріптері:

宋体

黑体

Ұлғайтылатын қаріптер:

EPSON Roman 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)

EPSON Sans Serif 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)

EPSON Roman T 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)

EPSON Sans Serif H 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)

Штрих-код қаріптері:

EAN-13, EAN-8, кезекпен 5 ішінен 2, UPC-A, UPC-E,
39-код, 128-код, POSTNET

Басқа пайдаланушылар үшін

Нүктелік сурет қаріптері:

EPSON Draft 10, 12, 15 таңба/дюйм
 EPSON Roman 10, 12, 15 таңба/дюйм,
 пропорционалды
 EPSON Sans Serif 10, 12, 15 таңба/дюйм,
 пропорционалды
 EPSON Courier 10, 12, 15 таңба/дюйм
 EPSON Prestige 10, 12 таңба/дюйм
 EPSON Script 10 таңба/дюйм
 EPSON OCR-B 10 таңба/дюйм
 EPSON Orator 10 таңба/дюйм
 EPSON Orator-S 10 таңба/дюйм
 EPSON Script C пропорционалды

Ұлғайтылатын қаріптер:

EPSON Roman 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
 EPSON Sans Serif 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
 EPSON Roman T 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)
 EPSON Sans Serif H 10,5; 8-32 нүкте (әр 2 нүкте)

Штрих-код қаріптері:

EAN-13, EAN-8, кезекпен 5 ішінен 2, UPC-A, UPC-E,
 39-код, 128-код, POSTNET

Таңбалар кестелері:

Бір көлбеу және 12 графикалық таңбалар кестелері.
 (34 графикалық таңбалар кестелері елдердің
 кейбіреуінде қолжетімді.) Қолжетімді таңбалар
 кестелері туралы қосымша ақпаратты “Таңбалар
 кестелері” бетте 107 тарауынан қараңыз.

Таңбалар жинақтары:

14 халықаралық таңбалар жинағы және бір заңды
 таңбалар жинағы

Электр

Қуат кернеуі*	Тұрақты ток 42 В
Номиналды ток	1,0 А

* Бірге берілген К айнымалы ток адаптерін міндетті түрде қолданыңыз (M248A).

Айнымалы ток қуатын жұмсау	Шамам. 33 Вт (ISO24712 үлгісі) Күту режимінде шамам. 8 Вт Ұйқы режимінде шамам. 2,9 Вт* Өшірулі режимде шамам. 0,2 Вт
----------------------------	--

* Келесі жағдайларда үш минут өткенде принтер ұйқы режиміне өтеді.

- Қате жоқ
- Кіріс буферінде деректер жоқ
- Сия картриджінің қақпақтары жабық
- Жоғарғы қақпақ жабық

Қоршаған ортаға қатысты

	Температура (конденсациясыз)	Ылғалдылық (конденсациясыз)
Жұмыс	10 — 35 °C (50 — 95 °F)	20 — 80 % RH
Сақтау	-20 — 40 °C (-4 — 104 °F)	5 — 85 % RH

Қағаз

Ескертпе:

- ❑ Принтерге бүктелген, зақымдалған, жұмарланған не оралған қағазды жүктемеңіз.
- ❑ Медициналық пакеттердің артқы жағы поливинил шайырдан болса, ылғалдылығы жоғары ортада басып шығарғанда медициналық пакеттер кірленуі мүмкін.

Тай қағаз:

Ені	76,2 — 241,3 мм (3,0 — 9,5 дюйм)
Ұзындығы (бір бет)	12,7 — 558,8 мм (0,5 — 22,0 дюйм)*
Қалыңдығы	0,065 — 0,14 мм (0,0025 — 0,0055 дюйм)
Салмағы	52 — 129 г/м ² (14 — 34,3 фунт)
Сапа	Жай қағаз, түзетілген қағаз Бүлінбеген, жыртылмаған, оралмаған не жұмарланбаған

* Тай қағазды 139,7 мм (5,5 дюйм) не одан кем ұзындығы қалған жағдайда жүктеу мүмкін емес.


Заттаңбалар (негізгі тай парақ):

Заттаңба өлшемі	Биіктігі: кем дегенде 38,1 мм (1,5 дюйм) Ені: кем дегенде 50,8 мм (2,0 дюйм) Бұрыш радиусы 2,5 мм (0,1 дюйм)
Негізгі парақ ені	76,2 — 241,3 мм (3,0 — 9,5 дюйм)
Негізгі парақ ұзындығы	38,1 — 558,8 мм (1,5 — 22,0 дюйм)
Негізгі парақ қалыңдығы	0,076 — 0,14 мм (0,003 — 0,0055 дюйм)*
Жалпы қалыңдығы	0,143 — 0,225 мм (0,0056 — 0,0089 дюйм)
Заттаңба ені	63 — 190 г/м ² (17 — 28 фунт)

* Қалыңдығы 0,058 — 0,075 мм тең негізгі тай парағы бар заттаңбаларды қолданғанда ылғалдылығы 55% не одан кем болған ортада басып шығарыңыз.

Ескертпе:

- ❑ Сиясы сорғалап ағатын принтерлермен қолдану үшін жасалған заттаңбаларды ғана пайдаланыңыз.
- ❑ Epson компаниясы заттаңба материалы қамтымайтын негізгі парағы бар заттаңбаларды қолдануға кеңес береді.



* заттаңба

** негізгі парақ

*** бұрыш радиусы 2,5 мм (0,1 дюйм)

Медициналық пакет (тай):


Ені	76,2 — 241,3 мм (3,0 — 9,5 дюйм)
Ұзындығы (бір бет)	12,7 — 558,8 мм (0,5 — 22,0 дюйм)*
Қалыңдығы	0,11 — 0,13 мм (0,0043 — 0,0051 дюйм)
Салмағы	63 — 104,7 г/м ² (17 — 28 фунт)
Сапа	Жай қағаз, түзетілген қағаз Бүлінбеген, жыртылмаған, оралмаған не жұмарланбаған

* Тай қағазды 139,7 мм (5,5 дюйм) не одан кем ұзындығы қалған жағдайда жүктеу мүмкін емес.

Алдын ала басылып шыққан бет

Алдын ала басылып шыққан қағаз — жоғарғы және төменгі шеттерде басылып шығатын сызықтары, әріптері не сандары түзетілген қағаз. Қағаз ортасы бос қалады. Шеткі аймақтар жиі тақырыпшалар, жиектер және т. б. үшін қолданылады. Жеке алдын ала басылып шыққан қағазды жасауға немесе оны сатып алуға болады.

Төмендегі суретте диагональдық сызықтармен көрсетілген аймақтар басылып шыққан алдын ала басылған қағазды қолдана алмайсыз.




Аймақ өлшемдері

- A 12,5 мм (0,492 дюйм)
- B 6 мм (0,236 дюйм)
- C 2 мм (0,079 дюйм)

Басылып шығатын аймақ


Тай қағаз:



- A Минималды жоғарғы және төменгі шеттердің жоғарғы және төменгі тесіктердің әрбіреуі: 2 мм (0,079 дюйм).
- B Минималды сол және оң жақ шеттердің әрбіреуі: 13 мм (0,51 дюйм).

Қағаздың максималды ені: 241,3 мм (9,5 дюйм); максималды басылып шығатын ені: 203,2 мм (8,0 дюйм).

229,2 мм (9,02 дюйм) кеңдеу тай қағаз үшін оң жақ шеттер қағаз еніне сәйкестендіру үшін пропорционалды артады.

Заттаңба (негізгі тай парақ):

- A 2 мм (0,0787 дюйм) не одан үлкен
- B 12,7 мм (0,5 дюйм) не одан үлкен
- C 2 мм (0,0787 дюйм) не одан үлкен
- D 1,5 мм (0,0591 дюйм) не одан үлкен

Айнымалы ток электр адаптерінің техникалық сипаттамалары

Көрсетілген айнымалы ток адаптерін ғана қолданыңыз (EPSON К айнымалы ток адаптері, үлгісі: M248A).

Кіріс	Номиналды кернеу	Айнымалы ток 100 — 240 В
	Номиналды жиілік	50-60 Гц
	Номиналды ток	1,6 А
Шығыс	Қуат кернеуі	Тұрақты ток 42 В
	Номиналды ток	1,38 А

Пәрмендер тізімі

Принтер төменде тізілген ESC/P басқару кодтарын қолдайды.

ESC/P басқару кодтары

Бағдарламада ESC/P принтерін таңдау кеңейтілген қаріптерді және графиканы пайдалануға мүмкіндік береді.

Жалпы пайдалану:

ESC @, ESC U

Қағаз беру:

FF, LF, ESC 0, ESC 1, ESC 2, ESC 3, ESC A, ESC+, CR

Бет пішімі:

ESC (C, ESC C, ESC C 0, ESC Q, ESC I, ESC (c, ESC N, ESC O

Басып шығару орнының қозғалысы:

ESC \$, ESC \, ESC (V, ESC (v, ESC D, HT, ESC B, VT, ESC J

Қаріпті таңдау:

ESC k, ESC x, ESC y, ESC X, ESC P, ESC M, ESC g, ESC p, ESC 4, ESC 5, ESC E, ESC F, ESC !

Қаріпті жақсарту:

ESC W, DC4, SO, DC2, SI, ESC w, ESC G, ESC H, ESC T, ESC S, ESC -, ESC (-, ESC q

Жол аралығы:

ESC бос орын пернесі, ESC c, ESC (U

Таңбаларды өңдеу:

ESC t, ESC (t, ESC R, ESC %, ESC &, ESC :, ESC 6, ESC 7, ESC (^

Биттік кескін:

ESC *

Графика:

ESC K, ESC L, ESC Y, ESC Z, ESC ^

Штрих-код:

ESC (B

Таңбалар кестелері

Төмендегі таңбалар кестелері мен таңбалар жинақтарын таңдауға болады.

Таңбалар
кестелері:

Үндістандағы пайдаланушылар үшін

Бір көлбеу және 17 графикалық таңбалар кестелері:
Көлбеу кесте, PC437 (АҚШ, Еуропалық стандарт),
PC850 (Көп тілді), PC860 (Португал), PC861 (Исланд),
PC863 (Канадалық француз), PC865 (скандинав),
BRASCII, Abicomp, Roman 8, ISO Latin 1, PC858, ISO
8859-15, ISCII, PC-ISCII, EA-ISCII, TAB-Tamil99,
TAM-Tamil99

Таиландағы пайдаланушылар үшін

Бір көлбеу және 14 графикалық таңбалар кестелері:
Көлбеу кесте, PC437 (АҚШ, Еуропалық стандарт),
PC850 (Көп тілді), PC860 (Португал), PC863
(Канадалық француз), PC865 (Скандинав), PC 858, ISO
8859-15, KU42 (Тай), TIS11 (Тай), TIS18 (Тай), TIS17
(Тай), TIS13 (Тай), TIS16 (Тай), TSM/WIN (Тай)

Тайвандағы пайдаланушылар үшін

Бір көлбеу және сегіз графикалық таңбалар кестелері:
Көлбеу кесте, PC437 (АҚШ, Еуропалық стандарт),
PC850 (Көп тілді), PC858 (Көп тілді, Еуро), NS, TCA,
BIG-5, IBM5550, DCI

Қытайдағы пайдаланушылар үшін

Бір көлбеу және сегіз графикалық таңбалар кестелері:
Көлбеу кесте, PC437 (АҚШ, Еуропалық стандарт),
PC850 (Көп тілді), PC860 (Португал), PC863
(Канадалық француз), PC865 (Скандинав), PC858 (Көп
тілді, Еуро), GB18030

Басқа пайдаланушылар үшін

Стандартты нұсқа:

Бір көлбеу және 12 графикалық таңбалар кестелері:
Көлбеу кесте, PC437 (АҚШ, Еуропалық стандарт),
PC850 (Көп тілді), PC860 (Португал), PC861 (Исланд),
PC863 (Канадалық француз), PC865 (скандинав),
Abicomp, BRASCII, Roman 8, ISO Latin 1, PC858, ISO
8859-15

NLSP нұсқасы:

Бір көлбеу және 39 графикалық таңбалар кестелері:
Көлбеу кесте, PC437 (АҚШ, Еуропалық стандарт),
PC850 (Көп тілді), PC860 (Португал), PC861 (Исланд),
PC863 (Канадалық француз), PC865 (Скандинав),
Abicomp, BRASCII, Roman 8, ISO Latin 1, PC858, ISO
8859-15, PC437 Грек, PC852 (Шығыс Еуропа), PC853
(Түрік), PC855 (Кирилл жазуы), PC857 (Түрік), PC866
(Орыс), PC869 (Грек), MAZOWIA (Поляк), MJK коды
(CSFR), ISO 8859-7 (Латын/Грек), ISO Latin 1T (Түрік),
Болгария (Болгар), Эстония (Эстон), PC 774 (LST
1283:1993), ISO 8859-2, PC866 LAT. (Латыш), PC866
UKR (Украин), PC771 (Литва), PC437 Словения, PC MC,
PC1250, PC1251, PC864 (Араб), PCARTEC (Араб), PC708
(Араб), PC720 (Араб), PCAR864 (Араб)

Таңбалар
жинақтары:

14 халықаралық таңбалар жинағы және бір заңды
таңбалар жинағы.

АҚШ, Франция, Германия, Ұлыбритания, Дария 1,
Швеция, Италия, Испания 1,
Жапония, норвегия, Дания 2, Испания 2,
Латын Америкасы, Корея, заңды

Стандарттар мен құптаулар

ЕСКЕРТУ:

- ☐ Бұл А класты өнім. Үй ішінде бұл өнім радио кедергісін туындатуы мүмкін, ондай жағдайда қолданушы қажетті шараларды орындауы тиіс.
- ☐ Принтердің экрандық емес байланыстырушы кабелін принтерге жалғау осы құрылғының ЭМК стандарттарына сәйкес келмеуіне әкеледі.
- ☐ Сізге Seiko Epson Corporation компаниясы мақұлдамаған өзгерістер не модификациялар салдарынан жабдықты қолдану рұқсатынан айырылып қалуына әкелетіні туралы ескерту жасалған.

Тайван

ЭМК

CNS13438 А класы

Қауіпсіздік

CNS14336-1

Солтүстік Америка

EMI

FCC/ICES-003 А класы

Америка Құрама Штаттарындағы пайдаланушыларға арналған FCC сәйкестік мәлімдемесі

Бұл жабдық сынақтан өткізілген және FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес А класына жататын сандық құрылғы шектеулеріне сай келеді деп танылған. Бұл шектеулер жабдық коммерциялық ортаға қолданылғанда зиянды кедергіден саналы қорғау үшін жасалған. Бұл жабдық радио жиілік қуатты жасайды, қолданады және шығаруы мүмкін; пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес орнатылмаған әрі қолданылмаған жағдайда радио байланыстарға зиянды кедергі жасауы мүмкін. Осы жабдықты тұрғын жайда қолдану зиянды кедергілерді туғызуы мүмкін; мұндай жағдайда пайдаланушының өзіне сол кедергілерді өз есебінен жоюға тура келеді.

Бұл құрылғы FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес келеді. Құрылғы мына екі шартқа байланысты қолданылады:

- (1) бұл құрылғы зиянды кедергілерді туғызбауы мүмкін және
- (2) бұл құрылғы кез келген кедергіні, соның ішінде жұмыс ақауына себеп болатын кедергілерді қабылдауы керек.

Канададағы пайдаланушылар үшін

This Class A digital apparatus complies with Canadian ICES-003.

Cet appareil numérique de la classe A est conforme à la norme NMB-003 du Canada.

Еуропа

2004/108/EC EMC директивасы

EN 55022 А класы
EN 55024

IEC 61000-4-2
IEC 61000-4-3
IEC 61000-4-4
IEC 61000-4-5
IEC 61000-4-6
IEC 61000-4-11

Океания

EMI

AS/NZS CISPR22 Class A

Басып шығару басының саңылауларын тексеру

Егер басып шығарылатын қағаздар анық емес немесе нүктелері жоқ екендігін байқасаңыз, басып шығару басының саңылауларын тексеру арқылы себебін анықтауға болады.

Компьютердің принтер драйверіндегі Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын немесе басқару тақтасындағы түймелерді пайдаланып, басып шығару басының саңылауларын тексеруге болады.

Ескертпе:

Саңылауды тексеру үлгісін басып шығарғанда ені 116,8 мм (4,6 дюйм) не одан да үлкен қағазды қолданыңыз.

Windows жүйесіне арналған Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын қолдану

Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдалану үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Ешбір шамның қателерді көрсетпейтінін тексеріңіз.
2. Қағаздың тартқышқа тіркелгенін тексеріңіз.
3. Принтер драйверіне кіріңіз. "Принтер драйверін қолдану" бетте 28 тарауын қараңыз.
4. **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын, одан кейін **Nozzle Check (Саңылауды тексеру)** түймесін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Басқару тақтасын қолдану


Басқару тақтасын пайдаланып, басып шығару басының саңылауларын тексеру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Қағаздың тартқышқа тіркелгенін тексеріңіз.
2. **Load/Eject** түймесін басып тұрғанда **On** түймесін **On** шамы жыпылықтай бастағанша басыңыз.


Төменде екі түрлі саңылауды тексеру үлгісі берілген.

Басып шығарылған беттің сапасы мен төменде көрсетілген үлгіні салыстырыңыз. Сынақ жолдарында бос орындар немесе сегменттер жоқ болу сияқты басып шығару сапасының ешқандай ақаулары болмаса, басып шығару басының күйі дұрыс.

GP-C830/GP-C831/GP-C832




GP-M830/GP-M831/GP-M832



Төменде көрсетілгендей басып шығарылған жолдарда сегменттер жоқ болса, бұл сия саңылауының бітелгенін білдіреді. “Басып шығару басын тазалау” бетте 113 тарауын қараңыз.

GP-C830/GP-C831/GP-C832

GP-M830/GP-M831/GP-M832



Басып шығару басын тазалау

Егер басып шығарылатын қағаздар анық емес немесе нүктелері жоқ екендігін байқасаңыз, саңылаулар сияны дұрыс қамтамасыз етіп жатқандығын көрсететін басып шығару басын тазалау арқылы осы ақауларды жоюға болады.

Компьютердің принтер драйверіндегі Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын немесе басқару тақтасының түймелерін пайдаланып басып шығару басын тазалауға болады.

Ескертпе:

- ❑ *Басып шығару басын тазалау барысында барлық картридждердің сиялары пайдаланылғандықтан, баспалар бұлдыр немесе түстер дұрыс емес немесе түссіз болу себебіне байланысты сапаны төмен болғанда ғана басып шығару басын тазалаңыз.*
- ❑ *Басып шығару басын тазалау қажеттігін анықтау үшін алдымен Nozzle Check (Саңылауды тексеру) қызметтік бағдарламасын пайдаланыңыз. Бұл сияны үнемдейді.*
- ❑ *Сия аз қалған кезде басып шығару басын тазалаудың ыңғайы келмеуі мүмкін. Сия таусылғанда басып шығару басын тазалау мүмкін емес. Алдымен тиісті сия картриджін ауыстырыңыз. Қосымша ақпаратты "Сия картриджін ауыстыру" бетте 87 тарауынан қараңыз.*

Windows жүйесіне арналған Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдалану

Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау) қызметтік бағдарламасын пайдаланып басып шығару басын тазалау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

1. Принтерді іске қосыңыз.
2. Ешбір шамның қателерді көрсетпейтінін тексеріңіз.
3. Принтер драйверіне кіріңіз. “Принтер драйверін қолдану” бетте 28 тарауын қараңыз.
4. **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын, одан кейін **Head Cleaning (Басып шығару басын тазалау)** түймесін басыңыз.
5. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтер тазалау циклін орындағанда **On** шамы жыпылықтайды.



Абай болыңыз:

- ☐ **On** шамы жыпылықтап тұрғанда принтерді ешқашан өшірмеңіз. Олай істеу принтерді зақымдауы мүмкін.
- ☐ **On** шамы жыпылықтап тұрғанда жоғарғы қақпақты немесе сия картриджінің қақпағын ешқашан ашпаңыз.

Ескертпе:

- ☐ Егер басып шығару сапасы осы процедураны қайталағаннан кейін жақсармаса, принтерді өшіріп, кемінде алты сағаттай күтіңіз. Саңылау тексеруді қайта орындап, қажет болғанда басып шығару басын тазалауды қайталаңыз.
- ☐ Басып шығару сапасы жақсармаса, Epson қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Қосымша ақпаратты “Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласу” бетте 75 тарауынан қараңыз.
- ☐ Басып шығару сапасын сақтау үшін Epson компаниясы жиі бірнеше беттен шығарып тұруды ұсынады.

Басқару тақтасын қолдану

Басқару тақтасын пайдаланып, басып шығару басын тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. **Cleaning** түймесін шамамен үш секундтай басып тұрыңыз.



Абай болыңыз:

- ☐ **Он** шамы жыпылықтап тұрғанда принтерді ешқашан өшірмеңіз. Олай істеу принтерді зақымдауы мүмкін.
 - ☐ **Он** шамы жыпылықтап тұрғанда жоғарғы қақпақты немесе сия картриджінің қақпағын ешқашан ашпаңыз.
2. **Он** шамы жыпылықтауды тоқтатқанда басы таза екенін растау үшін саңылауды тексеру үлгісін басып шығарыңыз. Қосымша ақпаратты “Басып шығару басының саңылауларын тексеру” бетте 111 тарауынан қараңыз.

Ескертпе:

- ☐ Егер басып шығару сапасы осы процедураны қайталағаннан кейін жақсармаса, принтерді өшіріп, кемінде алты сағаттай күтіңіз. Саңылау тексеруді қайта орындап, қажет болғанда басып шығару басын тазалауды қайталаңыз.
- ☐ Басып шығару сапасы жақсармаса, Epson қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Қосымша ақпаратты “Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласу” бетте 75 тарауынан қараңыз.
- ☐ Басып шығару сапасын сақтау үшін Epson компаниясы жиі бірнеше беттен шығарып тұруды ұсынады.

Басып шығару басын туралау

Тасығыш беруді реттеу

Тік сызықтардың не көлденең жолақтардың жылжып кетуін байқасаңыз, бұл ақаулықты басып шығару басын туралау арқылы шешуге болады.

Принтер драйверіндегі Print Head Alignment (Басып шығару басын туралау) қызметтік бағдарламасы арқылы компьютерде басып шығару басын туралауға болады.

Ескертпе:

Тік сызықтардың анық жылжып кетуін байқасаңыз, алдымен басып шығару басын тазалаңыз. Қосымша ақпаратты "Басып шығару басын тазалау" бетте 113 тарауынан қараңыз.

Print Head Alignment (Басып шығару басын туралау) қызметтік бағдарламасын пайдаланып басып шығару басын туралау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Ешбір шамның қателерді көрсетпейтінін тексеріңіз.
2. Қағаздың тартқышқа тіркелгенін тексеріңіз.
3. Принтер драйверіне кіріңіз. "Принтер драйверін қолдану" бетте 28 тарауын қараңыз.
4. **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын, одан кейін **Print Head Alignment (Басып шығару басын туралау)** түймесін басыңыз.
5. **Media Feed Adjustment (Тасығыш беруді реттеу)** тармағын таңдап, **Next (Келесі)** түймесін басыңыз.
6. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Екі бағытты басып шығаруды реттеу

Бұл қызметтік бағдарлама құралы тік сызықтар жылжып кеткен жағдайда реттеуге мүмкіндік береді.

Bi-D реттеу құралын қолдану үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

**Абай болыңыз:**

Принтер реттеу үлгілерін басып шығарып жатқанда, оны өшірмеңіз. Олай істеу принтердің қате параметрлерді сақтауына себеп болуы мүмкін. Реттеу барысында принтерді өшірсеңіз, Bi-D реттеу құралын қайта іске қосыңыз.

1. Ешбір шамның қателерді көрсетпейтінін тексеріңіз.
2. Қағаздың тартқышқа тіркелгенін тексеріңіз.
3. Принтер драйверіне кіріңіз. "Принтер драйверін қолдану" бетте 28 тарауын қараңыз.

4. **Utility (Қызметтік бағдарлама)** қойындысын, одан кейін **Print Head Alignment (Басып шығару басын туралау)** түймесін басыңыз.
5. **Bi-directional Printing Adjustment (Екі бағытта басып шығаруды реттеу)** тармағын таңдап, **Next (Келесі)** түймесін басыңыз.
6. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе:

Егер қағаз толқынды болса, екі бағытта басып шығаруды дұрыс реттей алмауыңыз мүмкін. Дұрыс реттеу үшін принтер драйверінің диалогтық терезесінде **High Speed (Жоғары жылдамдық)** ұяшығына белгі қойыңыз.

Күй парағын басып шығару

Принтер күйі туралы толық ақпаратты тексеру үшін күй парағын басып шығаруға болады. Үш түрлі күй парағын басып шығаруға болады.

Ескертпе:

Күй парағын басып шығарғанда ені 114,3 мм (4,5 дюйм) не одан да үлкен қағазды қолданыңыз.

Жалпы ақпарат

Сериялық нөмір, микробағдарлама нұсқасы және жалпы баспа көлемі күй парағында басылып шығады.

1. Принтерді өшіріңіз.
2. Қағаздың тартқышқа тіркелгенін тексеріңіз.
3. **FF** түймесін басып тұрғанда **On** түймесін **On** шамы жыпылықтай бастағанша басыңыз.

Желі параметрлері

Желі параметрлері туралы ақпарат (мысалы, MAC мекенжайы, IP мекенжайы және қауіпсіздік параметрлері) күй парағында басылып шығады.

1. Қағаздың тартқышқа тіркелгенін және принтердің іске қосылып тұрғанын тексеріңіз.
2. **Tear Off** және **Load/Eject** түймелерін бір уақытта үш секундтай басыңыз.

Принтер параметрлері

Ағымдағы принтер параметрлері күй парағында басылып шығады.

1. Принтерді өшіріңіз.
2. Қағаздың тартқышқа тіркелгенін тексеріңіз.
3. **Cleaning** түймесін басып тұрғанда **On** түймесін **On** шамы жыпылықтай бастағанша басыңыз.

Желі параметрін орнату

Желілік байланыс орнатылмағанда желінің әдепкі параметрін орнату үшін төмендегі қадамды орындаңыз.

1. Принтерді өшіріңіз.
2. **Tear Off** және **Load/Eject** түймелерін басып тұрғанда **On** түймесін басыңыз.



Абай болыңыз:

Орнату шамамен 30 секундтай уақыт алады. Орнату кезінде принтерді өшірмеңіз.

Принтерді тазалау

Принтердің үздік жұмыс күйін сақтау үшін оны жылына бірнеше рет тазалау керек.

Сыртқы корпуссты тазалау



Абай болыңыз:

- ❑ *Принтерді тазалау үшін спиртті не сұйылтқыштарды ешқашан қолданбаңыз, себебі бұл принтердің құрамдастары мен корпусын зақымдауы мүмкін.*
- ❑ *Принтердің механизміне не электр құрамдастарына судың енуіне жол бермеңіз.*

1. Принтерді өшіріп, ішіне жүктелген қағазды алып тастаңыз.
2. Сыртқы корпуссты құрғақ шүберекпен тазалаңыз. Сыртқы корпус әрі кір не шаң болса, оны жұмсақ сумен ерітілген жуғыш затпен дымқылданған таза шүберекпен тазалаңыз.

Принтердің ішін тазалау




Абай болыңыз:

- ❑ *Принтерді тазалау үшін спиртті не сұйылтқыштарды ешқашан қолданбаңыз, себебі бұл принтердің құрамдастары мен корпусын зақымдауы мүмкін.*
- ❑ *Принтердің механизміне не электр құрамдастарына судың енуіне жол бермеңіз.*
- ❑ *Қатты не қырғыш қылшақты қолданбаңыз.*
- ❑ *Принтердің ішіне майлау заттарын сеппеңіз; жарамсыз майлау заттары принтер механизмін зақымдауы мүмкін. Майлау қажет деп ойласаңыз Epson делдалына хабарласыңыз.*

Принтерді тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Принтерді өшіріп, ішіне жүктелген қағазды алып тастаңыз.
2. Оң жақ тісті доңғалақты оңға қарай толығымен сырғытыңыз.




3. Сыртқы корпустағы бүкіл шаң мен кірді абайлап тазалау үшін жұмсақ қылшақты қолданыңыз.



Абай болыңыз:

- ❑ *Принтерді қылшақпен тазалағанда сызықтық шкалаға немесе картридж біліктеріне қылшақпен тиіп кетпеңіз және шаңның білікке жабысып қалмағанын тексеріңіз. Кері жағдайда бұл баспа сапасына кері әсер етуі мүмкін.*
- ❑ *Шаңды басып шығару басына қарай қылшақпен тазаламаңыз. Басып шығару басының қасындағы шаңды қылшақпен басынан алысырақ алға не артқа қарай тазалаңыз.*




* сызықтық шкала

** картридж білігі

*** басып шығару басы

4. Сол жақ тісті доңғалақты солға қарай толығымен сырғытыңыз.




5. Шкаланы жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.



Абай болыңыз:

Шкаланы тазалағанда сызықтық шкаланы не картридж біліктерін қолмен ұстамаңыз не зақымдап алмаңыз.



* шкала

** сызықтық шкала

*** картридж білігі

Қағаз беру доңғалақшаларын тазалау

Кірленген қағаз беру доңғалақшалары қағаздың тұрып қалуына не кір баспаларға себеп болуы мүмкін. Қағаз беру доңғалақшаларын тазалау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.



Абай болыңыз:

- ❑ *Принтердің механизміне не электр құрамдастарына судың енуіне жол бермеңіз.*
- ❑ *Принтердің ішіне майлау заттарын сеппеңіз; жарамсыз майлау заттары принтер механизмін зақымдауы мүмкін. Майлау қажет деп ойласаңыз Epson делдалына хабарласыңыз.*

1. Принтерді өшіріп, қағазды тартқышқа тіркеңіз.
2. Принтерді іске қосыңыз.
3. Қағазды бастапқы орынға беру үшін **Load/Eject** түймесін басыңыз.
4. Қағаз тесіктерін жыртып алу орнына беру үшін **Tear Off** түймесін басыңыз.


5. Жоғарғы қақпақты ашыңыз.
6. **Pause** түймесін шамамен үш секундтай басып тұрыңыз. **Pause** шамы жыпылықтап, принтер Micro Adjust (Шағын реттеу) режиміне ауысады.
7. Қағаз беру доңғалақшаларын спиртпен (этанол не изопропил спирті) дымқылданған мақта аппликатор ұшымен тазалаңыз.

Доңғалақшаларды тазалау барысында оларды бұру үшін **FF** не **Load/Eject** түймесін басыңыз.



Абай болыңыз:

Қағаз беру доңғалақшаларын тазалағанда сызықтық шкаланы не картридж біліктерін қолмен ұстамаңыз не зақымдап алмаңыз.



* қағаз беру доңғалақшасы

** сызықтық шкала

*** картридж білігі

8. Принтерді өшіріңіз.

Принтерді тасымалдау

Принтерді біраз қашықтыққа тасымалдау керек болса, оны бастапқы қорап пен қаптау материалдарын қолданып жақсылап қайта қаптаңыз.

Принтерді бастапқы қаптау материалдарымен қайта қаптау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

**Абай болыңыз:**

Сия картридждерін орнатулы күйде қалдырыңыз. Картридждерді шығару сияның ағып кетуіне себеп болуы және баспа сапасына кері әсер етуі мүмкін.

1. **Load/Eject** түймесін басып, принтердің ішіне жүктелген қағаздарды алып тастаңыз.
2. Принтерді өшіріңіз.
3. Электр розеткадан қуат сымын, одан кейін байланыстырушы кабельді принтерден ажыратыңыз.
4. Принтер мен қуат сымын бастапқы қаптау материалдарымен қайта қаптап, оларды принтердің бастапқы қорабына салыңыз.

Авторлық құқықтар мен сауда белгілері

Seiko Epson Corporation, компаниясының алдын ала жазбаша түрде берілмеген рұқсатынсыз осы жариялымның ешқандай бөлігі қайта шығарылмайды, іздеу жүйесінде сақталмайды немесе кез келген формада немесе жағдайда, электрондық, механикалық, фотокөшірмелеу, жазу түрінде берілмейді. Осы құжаттағы ақпарат тек осы Epson принтерімен пайдалану үшін дайындалған. Epson компаниясы басқа принтерлерге ақпаратты пайдалану үшін жауап бермейді.

Seiko Epson Corporation компаниясы немесе оның филиалдары Seiko Epson Corporation компаниясымен техникалық қызмет көрсетілмеуі және нұсқаулары мұқият орындалмауы барысында (АҚШ елінен басқасы) жазатайым оқиға, өнімді қате немесе теріс пайдалану, рұқсат етілмеген өзгерістер, жөндеулер нәтижесінде сатып алушы немесе үшінші тараптың кесірінен пайда болған зақым, залал келтірілген өнімдер немесе шығындар үшін жауап бермейді.

Seiko Epson Corporation компаниясы Seiko Epson Corporation компаниясымен Herizri Epson өнімдері (Original Epson Products) немесе Epson компаниясы бекіткен өнімдер (Epson Approved Products) деп тағайындалмаған кез келген басқа опцияларды немесе қолданылатын өнімдерді пайдалану барысында пайда болған ақауларға немесе зақымдарға жауап бермейді.

EPSON — Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Exceed Your Vision және ESC/P — Seiko Epson Corporation компаниясының тіркелген сауда белгілері немесе сауда белгілері.

Microsoft®, Windows®, Windows Server® және Windows Vista® — Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі Майкрософт корпорациясының тіркелген сауда белгілері.

Барлық басқа сауда белгілері — тиісті иелерінің меншігі және тек идентификациялау мақсатында пайдаланылады.

Жалпы ескертпе: осы құжатта пайдаланылған басқа өнім атаулары тек анықтау мақсаттарына арналған және өздерінің сәйкес иелерінің сауда белгілері болуы мүмкін. Epson компаниясы сол белгілерге қатысты қандай да бір және барлық құқықтардан бас тартады.

Осы нұсқаулық мазмұны ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Copyright © 2012 Seiko Epson Corporation. Барлық құқықтар қорғалған.

АШЫҚ БАСТАПҚЫ КОДЫ БАР БАҒДАРЛАМА ЛИЦЕНЗИЯСЫ

1. Бұл принтер өнімі 5)-бөлімде тізілген әр бастапқы коды ашық бағдарлама лицензиясының шарттарына сәйкес бастапқы коды ашық бағдарламаларды қамтиды.

2. GPL бағдарламалардың, LGPL бағдарламалардың, Apache лицензиялық бағдарламасының және ncftp бағдарламалық лицензиясының (әрбіреуі 5-бөлімде белгіленген) осы принтер өнімінің сол үлгісі өндірістен шығарылғаннан кейін бес (5) жылға дейін бастапқы кодын ұсынамыз. Жоғарыдағы бастапқы кодты алуды қаласаңыз, аймағыңыздағы тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз. Әр бастапқы коды ашық бағдарлама лицензиясының шарттарын орындауыңыз керек.
3. Бастапқы коды ашық бағдарлама лицензиясының КЕПІЛДІГІ ЖОҚ; тіпті болжамды НАҚТЫ МАҚСАТ ҮШІН КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН ЖАРАМДЫЛЫҚ кепілдігі жоқ Толық мәлімет алу үшін әр бастапқы коды ашық бағдарламаның лицензиялық келісімдерін қараңыз; бұл өніммен бірге берілетін Қызметтік бағдарлама мен құжаттар дискісіндегі \Manual\OSS\OSS.pdf файлында сипатталады.
4. Әр бастапқы коды ашық бағдарлама лицензиясының шарттары өніммен бірге берілетін Қызметтік бағдарлама мен құжаттар дискісіндегі \Manual\OSS\OSS.pdf файлында сипатталады.
5. Осы принтер өнімі қамтитын бастапқы коды ашық бағдарламалар тізімі төменде берілген.

GNU GPL

Бұл принтер өнімі GNU General Public License 2 не одан да кейінгі нұсқасы («GPL бағдарламалары») қолданылатын бастапқы коды ашық бағдарламаларды қамтиды.

GPL бағдарламаларының тізімі:

linux-2.6.35-arm1-epson12

busybox-1.17.4

udhcp 0.9.8cvs20050124-5

ethtool-2.6.35

iptables 1.4.10

GNU LGPL

Бұл принтер өнімі GNU Lesser General Public License 2 не одан да кейінгі нұсқасы («LGPL бағдарламалары») қолданылатын бастапқы коды ашық бағдарламаларды қамтиды.

LGPL бағдарламаларының тізімі:

uclibc-0.9.32

libusb-1.0.8

zeroconf 0.6.1-1

iksemel-rev25

Apache лицензиясы

Бұл принтер өнімі Apache лицензиясының 2.0 нұсқасы («Apache лицензиялық бағдарламасы») қолданылатын бастапқы коды ашық «Bonjour» бағдарламасын қамтиды.

Bonjour лицензиясы

Бұл принтер өнімі «Bonjour» бағдарламасына қатысты авторлық құқықтардың иесі берген шарттар мен талаптар қолданатын бастапқы коды ашық «Bonjour» бағдарламасын қамтиды.

Net-SNMP лицензиясы

Бұл принтер өнімі «Net-SNMP» бағдарламасына қатысты авторлық құқықтардың иесі берген шарттар мен талаптар қолданатын бастапқы коды ашық «Net-SNMP» бағдарламасын қамтиды.

BSD лицензиясы (Berkeley Software Distribution лицензиясы)

Бұл принтер өнімі Berkeley Software Distribution лицензиясы («BSD бағдарламасы») қолданылатын бастапқы коды ашық «busybox-1.17.4» бағдарламасын қамтиды.

Sun RPC лицензиясы

Бұл принтер өнімі Sun RPC лицензиясы («Sun RPC бағдарламасы») қолданылатын бастапқы коды ашық «busybox-1.17.4» бағдарламасын қамтиды.

ncftp лицензиясы

Бұл принтер өнімі «ncftp» бағдарламасына қатысты авторлық құқықтардың иесі берген шарттар мен талаптар қолданатын бастапқы коды ашық «ncftp-3.2.4» бағдарламасын қамтиды.

ZLIB лицензиясы

Бұл принтер өнімі «ZLIB лицензиясы» авторлық құқығының иесі берген шарттар мен талаптар қолданылатын бастапқы коды ашық «zlib 1.2.7» бағдарламасын қамтиды.

libpng лицензиясы

Бұл принтер өнімі «libpng лицензиясы» авторлық құқығының иесі берген шарттар мен талаптар қолданылатын бастапқы коды ашық «libpng 1.4.12» бағдарламасын қамтиды.

Амалдық жүйе нұсқалары

Осы нұсқаулықта келесі қысқартылған сөздер пайдаланылған.

Windows Windows 8.1, 8, 7, Vista, XP, Server 2012 R2, Server 2012, Server 2008 R2, Server 2008 және Server 2003 білдіреді.

- ☐ Windows 8.1 жүйесі Windows 8.1, Windows 8.1 Pro және Windows 8.1 Enterprise білдіреді.
- ☐ Windows 8 жүйесі Windows 8, Windows 8 Pro және Windows 8 Enterprise білдіреді.
- ☐ Windows 7 жүйесі Windows 7 Home Basic, Windows 7 Home Premium, Windows 7 Professional, Windows 7 Enterprise және Windows 7 Ultimate білдіреді.
- ☐ Windows Vista жүйесі Windows Vista Home Basic Edition, Windows Vista Home Premium Edition, Windows Vista Business Edition, Windows Vista Enterprise Edition және Windows Vista Ultimate Edition білдіреді.
- ☐ Windows XP жүйесі Windows XP Professional x64 Edition және Windows XP Professional білдіреді.
- ☐ Windows Server 2012 R2 Windows Server 2012 R2 Standard Edition және Windows Server 2012 R2 Essentials Edition білдіреді.
- ☐ Windows Server 2012 Windows Server 2012 Standard Edition және Windows Server 2012 Essentials Edition білдіреді.
- ☐ Windows Server 2008 R2 Windows Server 2008 R2 Standard Edition және Windows Server 2008 R2 Enterprise Edition білдіреді.
- ☐ Windows Server 2008 Windows Server 2008 Standard Edition және Windows Server 2008 Enterprise Edition білдіреді.
- ☐ Windows Server 2003 Windows Server 2003 Standard Edition және Windows Server 2003 Enterprise Edition білдіреді.

Қосымша

2

2D таңба.....38

B

Bi-D реттеу.....116

E

EPSON Status Monitor 3.....28, 34
қолданбасына кіру.....37
реттеу.....35
Epson компаниясына хабарласу.....75

S

Status Monitor 3.....34

U

USB replacement service.....44
USB интерфейсі
ақаулықтар.....72

A

Автоматты жыртып алу.....22
Ақаулықтарды жою
USB ақаулықтары.....72
тұрып қалған қағаздар.....73
Алу
тай қағаз.....23

B

Басқару тақтасы.....60, 64
тақта.....60
түймелер.....60
шамдар.....60
Басып шығару басы
тазалау.....113

тексеру.....111

туралау.....115

Басып шығару басын тазалау

Windows.....114

Басып шығару басын туралау.....115

Басып шығарудан бас тарту.....56

Д

Дабылды орнату.....41

Драйвер (принтер драйвері).....28

Ж

Жою

принтер бағдарламасы.....57

Жыртып алу функциясы.....22

З

Заттаңбалар.....24

жүктеу.....24

сипаттамалар.....101

K

Клиенттер

Windows 8.1, 8, 7, Vista, XP, Server 2012 R2,
Server 2012, Server 2008 R2, Server 2008
немесе Server 2003 арқылы.....53

Күй парағы.....117

Қ

Қағаз сипаттамалары.....101

Қатені көрсету.....64

M

Медициналық пакет

сипаттамалар.....101

П

Пәрмендер тізімі	
ESC/P.....	106
Принтер	
ортақ пайдалану.....	48
Принтер драйвері	
Windows 8.1, 8, 7, Vista, XP, Server 2012 R2, Server 2012, Server 2008 R2, Server 2008 немесе Server 2003 жүйесінен кіру.....	29
Windows 8.1, 8, 7, Vista, XP, Server 2012 R2, Server 2012, Server 2008 R2, Server 2008 немесе Server 2003 үшін параметрлер.....	31
жою.....	57
параметрлері.....	31
Принтерді тазалау.....	118
Принтерді тасымалдау.....	122

С

Саңылауды тексеру.....	111
Windows.....	111
Сервер	
Windows 8.1, 8, 7, Vista, XP, Server 2012 R2, Server 2012, Server 2008 R2, Server 2008 немесе Server 2003 арқылы.....	49
Сипаттамалар	
стандарттар мен құптаулар.....	109
таңбалар кестелері.....	107
Сия	
сия картриджінің күйін тексеру.....	83
таусылғанда ауыстыру.....	87
Сия катридждері	
бөлшек нөмірі.....	83

Т

Тазалау	
басып шығару.....	113
Тай қағаз	
алу.....	23
жүктеу.....	17
сипаттамалары.....	101
Тақта.....	60
Техникалық қолдау.....	75

Техникалық сипаттамалар

қағаз.....	101
қоршаған ортаға қатысты.....	101
механикалық.....	93
электр.....	100
Тұрып қалған қағаздар.....	73
Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығы.....	75
Түймелер.....	60

Ш

Шағын реттеу функциясы

бастапқы орын.....	26
жыртып алу орны.....	25
Шамдар.....	60
Штрих-код.....	38